Бұл басқарма, Республиканың Министрлер Кеңесінің «Өндірістік мекемелер мен құрылыс ұйымдарын халық шаруашылығы кеңесінің құрамына алу туралы» қаулысын қамтамасыз ете отырып, Гурьев экономикалық әкімшілік ауданы төрағасының жарлығымен, «Басбалықтарату» кеңсесін, оның Астархань қаласындағы және Баутино поселкісіндегі бөлімшелерін өз құрамына -1957 жылдың 1 қаңтарынан бастап қабылдап алады [4].

Сөйтіп, басқарманың облыс бойынша балық шаруашылығын дамытуға мол мүмкіндіктері ашылды.

Гурьев Халық шаруашылығы Кеңесі балық шаруашылығына қажетті мамандар даярлауды да назардан тыс қалдырмады. ҚазССР Министрлер Кеңесінің 1957 жылы 2 желтоқсандағы жарлығымен, Гурьев экономикалық әкімшілік ауданы, 1958-59 оқу жылында Гурьев балық өндірісі техникумының жанынан балық шаруашылығына қажетті мамандарды даярлау үшін сырттай оқу бөлімге, екі профиль бойынша- балық өнімдерінің технологиясы және балық аулау өндірісі мамандықтары бойынша бірінші курсқа 120 адамды қабылдауға рұхсат алды [5].

Мұндай шешім болашақта осы өңірге балық шаруашылығының қажеттілігі үшін дайындалатын маман-кадрлардың көбеюі мен бірге, шаруашылықты бір орталықтан басқару ісін жеңілдетуге көп көмегін тигізді.

Республика Министрлер Кеңесінің 1957 жылы 10 маусымдағы №370 қаулысын басшылыққа ала отырып, Кеңес төрағасы-С.Өтебаев, Гурьев Халық шаруашылығы Кеңесінің басқару құрылымын және оған бағынышты мекемелердің, ұйымдардың тізімін төмендегідей белгілейді:

а)«Қазақстанмұнай» бірлестігіне: кәсіпорынның құрамында бұрыннан келе жатырған ұйымдармен бірге, Гурьевтің

«Қазмұнайгеофизика» кеңсесі және Гурьев тауарлық-транспорттық басқармасы кіргізілді;

б) «Қазмұнайқұрылыс» трестіне – «Қазсүтқұрылыс» тірестінің Гурьев құрылыс жөндеу басқармасы, №11 құрылыс-жөндеу басқармасы, Жайық – Каспий балық трестінің құрылыс – жөндеу басқармасы, Форт-Шевченко қаласындағы ақтас өндіретін карьер;

в) Жайық-Каспий мемлекеттік балық трестіне : Гурьев балық-өндірісі техникумы және осы техникумның жанындағы бір жылдық курстар;

«Қазақстанмұнай» бірлестігіне Жайық-Каспий балық трестіне және балық колхоздарын қадағалайтын Гурьев басқармасына, Форт-Шевченко және Баутино құрылыс алаңдарын 1957 жылдың 1 шілдесінен бастап «Қазмұнайқұрылыс» трестіне беру жүктелді.

«Қазмұнайқұрылыс» тресті аталған құрылыс мекемелерін өз құрамына ала отырып, ірі құрылыс трестіне айналды. Сөйтіп, бұл құрылыс тресті мұнай кәсіпшіліктерінде құрылыс жұмыстарын жүргізумен бірге, жаңадан ашылған мұнай кеніштерін игеру үшін салынатын барлық құрылыс нысандарын салуға міндеттеме алды.

Жаңадан ашылған «Қарсақ» мұнай кенішін игеру және Мақат ауданында басқа да құрылыс нысандарын салу міндеті Кеңес төрағасы-С.Өтебаевтың бұйрығымен №3 құрылыс-жөндеу басқармасына жүктеліп, оған бір жылдық құрылыс жұмыстары үшін 21750 мың сом, соның ішінде 1957 жылдың тамыз-желтоқсан айларына- 9250 мың сом қаражат бөлінді.

Осы трестің жұмыс ауқымының көбеюіне байланысты 1957 жылдың 1 тамызынан, «Қазмұнайқұрылыс» трестінің №3 құрылыс-жөндеу басқармасы 3 категориядан бірінші категорияға өткізілді [6].

Қазақстан мұнайшыларының алдына 1960 жылдары мұнай өндіру көлемін 2 миллион тоннаға дейін жеткізу міндеті қойылды. Мұндай бастаманы іске асыру үшін мұнайшылар алдына жаңа кен орындарын ашу мен бірге, ашылған кен орындарын қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етіп, өз уақытында іске қосу міндеті жүктелді.

Осы мақсатпен Гурьев экономикалық әкімшілік ауданы төрағасының қаулысымен «Қазақстанмұнай» бірлестігінің төрағасы - Д.Досмұхаметовке мынандай :

- а) 1958 жылы Қарсақ және Төлес кен орындарын алғашқы сынамалық бұрғылау жұмыстарын жүргізу үшін даярлау, Қарсақ кенішінен 1958 жылдың 1 тамызы, Төлес кен орнынан 1958 жылдың 1 маусымынан бастап мұнай өндіруді жоспарлап, осы жылы, көрсетілген кен орындарынан 35 мың тоннадан кем емес мұнай өндіру;
- б) Осы жылдың соңына дейін, тыңнан игерілген кен орындарынан тәулігіне:

Тереңөзектен 1500 тоннаға дейін, Қарсақтан 200 тонна, Төлестен 150 тонна және Тәжіғали кеніштерінен 100 тоннаға дейін мұнай өндіруді қадағалау тапсырылады.

Көрсетілген кен орындарын жеделдетіп құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету, іске қосу және түрлі жұмыстар жүргізілетін кен орындарындағы іске қосудың екінші әдісін кеңінен қолдану, «Қазақстанмұнай» бірлестігінің 1958-60 жылдар аралығындағы мұнай өндіру көлемін ұлғайту бағытындағы атқарған жұмыстарының қайнар көзі болып табылады [7].

Гурьев Халық шаруашылығы Кеңесі төрағасының 1957 жылы 21 қарашадағы жарлығына сәйкес, «Қазақстанмұнай» бірлестігінің ұйымдастырушылық құрылымын жақсарту және мұнай кәсіпшіліктерінде басшылық құрамдарының бірлесіп, жедел түрде шешім қабылдауы үшін:

1. Аралық звено ретінде Доссор мұнай кәсіпшілігі басқармасын 1957 жылдың 1 желтоқсанынан, Қошқар және Құлсары кеніштерін 1958 жылдың 1 қаңтарынан бастап қайта жасақтау үшін;

2. «Қазақстанмұнай» бірлестігінің алдын-ала бекітілген еңбек туралы жоспары бойынша, келесідей: Доссор, Мақат, Қошқар, Сағыз, Комсомол, Мұнайлы кенішімен бірге Құлсары, Қосшағыл секілді «Қазақстанмұнай» бірлестігіне тікелей бағынатын 1-категориялы іріленген мұнай кәсіпшіліктері құрылды [8].

Мұнай кәсіпшіліктері басқармасының қайта жасақталып, ірілінген мұнай кәсіпшіліктеріне айналуына байланысты, Кеңес төрағасы-С.Өтебаевтың бұйрығымен, бұл кәсіпшіліктердің басшылары болып:

1. Іріленген Комсомол мұнай кәсіпшілігіне:

а) Ж.Салиев - директор;

б) М.Балғымбаев - бас геолог, директордың орынбасары;

2. Қошқар кәсіпшілігіне - Р.Өтесінов;

3. Іріленген Қосшағыл кәсіпшілігі бойынша - Ш.Оразалиев;
4. Сағыз кәсіпшілігі бойынша - З.Айдналиев;
5. Құлсары кәсіпшілігі бойынша - И.Кочарев, кәсіпшілік директоры болып тағайындалады [9].

С.Өтебаев кәсіби мұнайшы ретінде және барлаушы-геологтардың мәліметтеріне сүйене отырып, Маңғыстауда мұнайдың мол қоры бар екендігіне сенімді болды. Ол уақытта Маңғыстау Гурьевтің өте шалғай орналасқан аудан болатын. Оған бұрғылау станоктарымен, басқа да құрал-жабдықтарды жеткізу үлкен қажыр-қайратты талап ететін.

Сондықтан, Гурьевте отырып, Маңғыстаудағы барлау жұмыстарына басшылық жасау мүмкін болмағандықтан, Форт-Шевченкодан 1957 жылдың қаңтар айында «Маңғыстаумұнайгазбарлау» тресті құрылды.

Мұнай кәсіпшіліктеріндегі кәсіби басшылықты арттыру және Маңғыстаудан жаңа мұнай кеніштерін ашу мақсатында-С.Өтебаевтың бұйрығымен:

- а) З.Есенов – Маңғыстау бұрғылау кеңсесінің «Маңғыстаумұнайбарлау» трестіне директор;
- б) М.Маташев – «Қазақстанмұнайбарлау» трестінің бұрғылау кеңсесіне директор;
- в) В.Токарев- бас геолог, «Қазақстанмұнайбарлау» тресті басқармасы бастығының орынбасары;
- г) Қ.Мырзағалиев - «Қазақстанмұнай» бірлестігінің «Маңғыстаумұнайбарлау» трестінің геологтық - іздеу кеңсесінің директоры;
- д) К.Тумачев - Петровский атындағы машинажасау зауытының директоры;
- е) А.Аманқұлов - «Қазақстанмұнай» бірлестігі «Қаратон» мұнай кәсіпшілігі басқармасының бұрғылау кеңсесінің директорлығына;
- ж) Б.Сағынғалиев - «Қазақстанмұнай» бірлестігінің мұнай және газ өндіру бөлімінің бастығы болып бекітілді [10].

Аталған адамдар Гурьев Халық шаруашылығы Кеңесі төрағасының тарапынан өздеріне артқан зор сенімді ақтай білді. Батыс Қазақстан өңірінде мұнай өндіруді арттыру мен жаңадан ашылған кен орындарын игеруде өздерінің еңбекқорлығымен, табандылығымен көзге түсті.

Мысалы, Ембі мұнай кәсіпшіліктерінде көп жылдар бойы басшылық қызметтер атқарған- У.Б.Балғымбаев, кейіннен

құрылған «Маңғыстаумұнайгаз» бірлестігі бастығының орынбасарлығына, Р.Өтесінов «Өзен» мұнай кәсіпшілігінің басқарма бастығына тағайындалса, Б.Сағынғалиев «Ембімұнай» өндірістік бірлестігінің бас директоры болып қызмет етті.

Ал, олардың қатарында «Қазақстанмұнай» бірлестігінің бастығы, Ленин сыйлығының лауреаты, құрметті мұнайшы-Ж.Досмұхамбетов те бар болатын.

Осындай ұлттық мамандардан бастау алған мұнайшылар тобы Батыс Қазақстан өңірінде мұнай кеніштерінің ашылып, жаңаруына, дамуына сүбелі үлес қосты.

Бұл, Сафи Өтебаевтың жергілікті жерден маман-кадрларды таңдауға ерекше мән беріп, болашаққа дұрыс болжам жасай білгендігін көрсетті.

Жаңадан құрылған Гурьев экономикалық әкімшілік ауданының халық шаруашылығы саласының дамуын жіті қадағалау үшін, Кеңес төрағасы- Сафи Өтебаевтың бұйрығымен, 1957 жылы 1 қазанда «Техникалық-экономикалық Кеңес» құрылды.

Ол, құрамында 138 мүшесі бар 4 секциядан тұрды:

- а) мұнай және химия секциясы (төраға- Ш.П.Арзуманов);
- б) энергетикалық секция (төраға- Н.Т.Неверов);
- в) құрылыс және құрылыс материалдары секциясы (төраға- М.П.Штопоров);
- г) жеңіл және тамақ өнеркәсібі секциясы (төраға- Я.Крылов);

Бұл секцияны құрудағы негізгі мақсат: өндіріске жаңа техника мен технологияларды енгізу, жұмысшыларға әлеуметтік-тұрмыстық жағдай жасау және мұнай, құрылыс, энергетика, жеңіл және тамақ өнеркәсібін дамыту болып табылады [11].

Гурьев экономикалық әкімшілік ауданының басшылық құрамы қай салада болмасын халық шаруашылығын дамутыға көп күш салды. Ол үшін тек қана Одақтық дәрежедегі мекмелермен ғана емес, халықаралық дәрежеде шетелдік мемлекеттермен ғылым-білім, мамандармен тәжірбие алмастыру, сыртқы саудада әртүрлі жәрмеңкелер ұйымдастыру мен бірге, басқа да салалар бойынша байланыстарын арттырып отырды. Мысал ретінде, Герман Демократиялық Республикасының ресми өкілі Банашактың Гурьев халық шаруашылығы кеңесінің төрағасы- С.Өтебаевқа жазған ресми хаты дәлел бола алады.

Хаттың мазмұны бойынша: «1958 жылы 2-11 наурыз аралығында, ГДР-дың Лейпциг қаласындағы сыртқы сауда аумағында өтетін көктемгі жәрменкеге халық шаруашылығы кеңесінің мамандарын көрмеге қатысуға шақырады. Ол жәрменкеде негізінен, ГДР-дың халықтық және жеке кәсіпорындар мен ұйымдардың дайындаған техника саласындағы жетістіктермен бірге, мұнай өндіру саласындағы техникалық құрал-жабдықтар, халық тұтынатын тауарлар көрсетіледі»- дей отырып, техниканың ең жаңа түрлерін көрсететін бұл жәрменкеге 40 мемлекеттен 9000-нан астам тауарлар мен бұйымдар көрсетіліп, ол 285000 м<sup>2</sup> аумақты алатынын баяндайды.

Хат авторы осындай мәліметтерді келтіре отырып, бұл жәрменкеге халық шаруашылығы кеңесінің атынан тиісті мамандар мен сарапшыларды жіберуді сұрайды.

Осы хатты негізге ала отырып, Гурьев Халық шаруашылығы Кеңесінен ГДР-дың Лейпциг қаласында өтетін көктемгі жәрменкеге 10 күн уақытпен, мұнай өндірісі үшін қажетті жаңа құрал-жабдықтармен танысып, бұрғылау және өндіру кезінде қолданылатын автоматтандырылған құрылғылардың техникалық сипаттамаларын меңгеру үшін, «Қазақстанмұнай» бірлестігінің «Құлсары» бұрғылау конторасының бас механигі-Есен Тасқынбаев іс-сапарға жіберілді.

Сонымен қатар, Моңғол Халық Республикасының өндірісіне техникалық көмек көрсету үшін, Гурьев Халық шаруашылығы Кеңесінің «Қазақстанмұнай» бірлестігінен келесідей мамандар, мұнай кенішінде мұнай өндіру шебері лауазымында:

Байшонас мұнай кәсіпшілігі басқармасының мұнай өндіру аумағында шебердің қызметін атқаратын Д.Мандеев ;

Қошқар мұнай кәсіпшілігінен, мұнай өндіру шебері – Қ.Даярдиев барды [12].

Жеңіл өнеркәсіп пен балық шаруашылығы саласындағы жұмысшы мамандар да халықаралық дәрежедегі ұйымдастырылған көрмелерден тыс қалмайтын.

Республика сауда министрлігінің сұрауына сәйкес және «Жайық– Каспий Мембалық трестінің» тапсырмасымен, Гурьев Халық шаруашылығы Кеңесі, Қызылбалық зауытының директоры- Я.Калягинді, Иранға балық өнімдері шаруашылығына қызылбалық уылдырығын қабылдаушы қылып жіберуге шешім қабылдайды [13].

Аталған мамандық иелерін, Гурьев Халық шаруашылығы Кеңесі мұнай, жеңіл және тамақ өнеркәсібі салалары бойынша шетел мемлекеттерінің жаңа өндіріс құрал-жабдықтарымен танысу, техникалық сипаттамаларын меңгеру мен игеру, тәжірибие алмасу мақсатында жіберетін.

Мұндай байланыстар халықаралық дәрежеде маман-жұмысшылардың біліктілігін арттырумен қатар, халық шаруашылығы саласына жаңа техника мен технологияларды енгізу арқылы сапалы өнім шығару жолын арттырумен ерекшелінді.

С.Өтебаевтың басқаруындағы Гурьев экономикалық әкімшілік ауданы көптеген игілікті істердің ұйытқысы болды. Оның жарлығымен, 1959 жылы Гурьев қаласында Бүкілодақтық сырттай оқытатын политехникалық институттың оқу-консультативтік пунктінің материалдық-лабораториялық базасы ұйымдастырылды.

Мұнда өндірістен қол үзбей, еңбек ете жүріп оқитын инженер мамандар даярланды.

1959-1960 жылдары бұл оқу орнының конкурс пен емтихандарын тапсырған, Гурьев Халық шаруашылығы Кеңесінің келесідей кәсіпорындарынан :

- 1) Гурьев мұнай -өңдеу зауытынан;
- 2) Гурьев синтезспирт зауытынан;
- 3) Петровский атындағы машинажасау зауытынан;
- 4) Халық шаруашылығы кеңесінің құрлыс трестері мен басқармаларынан 150 адам 1 курсқа оқуға қабылданды.

Жаңадан ашылған оқу орнына қажетті материалдық-техникалық құрал-жабдықтармен, студенттердің оқу залдары мен оған керекті парталар мен оқулықтарды, оқу үйрену лабораторияларын, химиялық және физикалық лабораторияларды жабдықтау, оқытушыларға қажетті жазу машиналарымен, жиһаздармен, сейфтермен қамтамасыз ету, жоғарыда көрсетілген кәсіпорындардың директорлары: Н.А.Котов, П.С.Токарев, К.С.Тумачевпен бірге, кадрлармен жұмыс бөлімінің бастығы Т.С. Сейітовке жүктелді [14].

Аталған оқу орны өндірістен қол үзбей оқитын инженер мамандардың көптеп даярлануына ықпал етті.

1960 жылдың 1 желтоқсанындағы мәліметтер бойынша Гурьев Халық шаруашылығы Кеңесінің құрамында тіркелген

барлық жұмысшылардың саны- 32309 адам болды. Оның ішінде: қызметкерлер – 18458 адам;

а)жұмысшылар-15316;

б)инженер-техникалық қызметкерлер -1831;

в)қызметкерлер-829;

г)күзет қызметкерлері -332;

д)оқушылар-150;

негізгі қызметкерге жатпайтындар - 13851 адамды құрады [15].

1960 жылдың 1 желтоқсанындағы Гурьев әкімшілік ауданының мамандар құрамының есебіне қарасақ, ол кестде көрсетілген жылдар бойынша жоғары және арнаулы орта оқу орнын бітірген мамандарының есебінен төмендегідей болып келеді:

|                                   | Жоғары оқу орнын бітірген мамандар:                     | Соның ішінде жоғары оқу орындар бітіргендер: |               |               |               |        |        |        |
|-----------------------------------|---------------------------------------------------------|----------------------------------------------|---------------|---------------|---------------|--------|--------|--------|
|                                   |                                                         | 1940ж дейін                                  | 1941-1950 жж. | 1951-1955 жж. | 1956-1957 жж. | 1958ж. | 1959ж. | 1960ж. |
| Барлық мамандық бойынша мамандар: | 556                                                     | 52                                           | 71            | 90            | 82            | 88     | 66     | 99     |
| Соның ішінде, инженерлер:         | 482                                                     | 60                                           | 52            | 89            | 70            | 73     | 72     | 66     |
|                                   | Арнаулы орта оқу орнын бітірген мамандардың жалпы саны. | Соның ішінде, арнаулы оқу орнын бітіргендер: |               |               |               |        |        |        |
|                                   |                                                         | 1940ж дейін                                  | 1941-1950 жж. | 1951-1955 жж. | 1956-1957 жж. | 1958ж  | 1959ж  | 1960ж  |
| Барлық мамандықтар бойынша:       | 1662                                                    | 144                                          | 431           | 357           | 263           | 180    | 119    | 168    |
| Соның ішінде: техниктер:          | 1315                                                    | 117                                          | 350           | 294           | 195           | 124    | 91     | 144    |
| Басқа мамандықтар:                | 27                                                      | -                                            | -             | -             | -             | -      | 13     | 14     |

Жалпы алғанда, жоғарғы кестелерде көрсетілгендей Гурьев Халық шаруашылығы Кеңесінің мамандар құрамы (жоғары және арнаулы орта оқу орындарын бітіргендер

құрамын қоса есептегенде) біркелкі болмады. Кеткен мамандардың орнын өзге Одақтас республикалардан немесе жергілікті жерден келген мамандар алмастырды.

Республика Министерлер Кеңесінің бұйрығымен, 1962 жылдың 28 мамырда бұрынғы Ақтөбе және Гурьев халық шаруашылықтары кеңестерінің кәсіпорындары негізінде Батыс Қазақстан экономикалық әкімшілік ауданының халық шаруашылығы кеңесінің құрылуына байланысты, облыстың әлеуметтік –экономикалық жағдайының жақсарып, нығаюына зор үлес қосқан - Гурьев экономикалық әкімшілік ауданының Халық шаруашылығы Кеңесі таратылды [16].

#### Әдебиеттер:

- 1.АОММ. 875-қ., І-т., 5-іс, 1-п.
- 2.АОММ. 875-қ., І-т., 2-іс, 16,17-п.
- 3.АОММ. 875-қ., І-т., 5-іс, 6,11,12-п.
- 4.АОММ. 875-қ., І-т., 5-іс, 18-п.
- 5.АОММ. 875-қ., І-т., 4-іс, 186,187-п.
- 6.АОММ. 875-қ., І-т., 5-іс, 42,43,99,122-п.
- 7.АОММ. 875-қ., І-т., 3-іс, 9-14-п.
- 8.АОММ. 875-қ., І-т., 4-іс, 161-п.
- 9.АОММ. 875-қ., І-т., 22-іс, 2,3,4,5,6,9-п.
- 10.Бұлда сонда. 45,24,60,69,81,107,113-п.
- 11.АОММ. 875-қ., І-т., 3-іс, 24,25-п.
- 12.АОММ. 875-қ., І-т., 70-іс, 19,1,9,149-п.
- 13.АОММ. 875-қ., І-т., 70-іс, 84,152,155-п.
- 14.АОММ. 1041-қ., І-т., 326-іс,150-152-п.
- 15.АОММ. 875-қ., І-т., 72-іс, 3-10-п.
- 16.АҚТОММ. 5-қ., І-т., 1-іс, 5-п.

\*\*\*

*В этой статье говорится о С.Утебаеве как известном нефтянике, председателе Гурьевского Совета Народного Хозяйства.*

\*\*\*

*This article carries about С. Utebaev as a famous oil – industry worker and a chairman of Atyrau Soviet National Industry.*

**М.Ғ. Дюсенғалиева,**  
М.Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан  
мемлекеттік университетінің аспиранты

## **XIX ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ІШКІ ОРДАДАҒЫ САУДА-САТТЫҚ: ҚАЛЫПТАСУЫ ЖӘНЕ ДАМУЫ**

Бөкей Ордасында алғашқы жылдары сауда өте баяу дамыды, себебі қазақтардың жиі көшіп-қонуы, нақты жолдың болмауы, орыстардың қазақ тілін білмеуі, тұрмыс-тіршілігін жетік меңгермеуі сауданың өсуін тежеп отырды. Көшпелі қазақтардың көші-қон тұрақтары мен мекендері белгілі болған соң, халықтың өмірі бір қалыпқа келіп, сауданың дамуы күшейе түсті.

И.Ф. Бларамберг өз еңбегінде Бөкей хандығындағы қазақтар алғашқы кездері сауданы мына жерлерде жүргізді-дейді.

1. Өзен шебінде және Глининский форпостында шенеуніктер мен орал әскери казактары сауда жүргізді. Бұл саудаға басты қатысушылар жергілікті шенеуніктер. Саудагерлер Оралдан үшінші қолдан тауарды сатып алып, қазақтарға жоғарғы бағаға ауыстырды.

2. Орал шебінің төменгі бөлігіндегі Кулагин қамалынан бастап Гурьев қалашығына дейін қысқы мезгілде, яғни қазақтар осы жерлерде көшіп жүргенде.

3. Астрахань қаласына жақын жердегі Қалмақ базарында. Бұл жерде қазақтар жыл сайын 50000-ға дейін қойларын айырбастайды. Әсіресе, хиуалықтардың қағаз бұйымдарына айырбастайды.

4. Татарлар мен армяндар Астраханнан Каспий теңізі арқылы сауда жүргізді.

5. Камышиннен және Саратовтан тауарларымен келетін көпестер Эльтон өзенінің маңында сауда жүргізді.

6. Чертил ауылында 1 қазанда жәрмеңке болатын. Бұл жерде қазақтар астық, тары, тағы басқа заттарды айырбастады.

7. Чижин және Деркул кордондарында да сауда жүргізілді.

8. Хан ставкасы маңында. Бұл жердегі сауданың маңызы жаңа қалыптаса бастаған болатын. Қазан және қараша айларында (1825жылы) нан айырбасы жүрді. Көктемде тауарлардан басқа қарбыз, алма және басқа да тәттілер әкелінді. Бұларды көбінесе бай қазақтар сатып алды.

9. Соңғы кездері қазақтар Орынбор және Саратов губернияларының жәрмеңкелеріне жылқыларын сатуға айдап апарды. Бұл жердегі сауда маңызды және өте қолайлы еді [1].

Жоғарыда айтылып кеткендей, бастапқы жылдары жүргізілетін сауда көлеміне байланысты мына сауда нүктелері оқшауланып шықты:

қазақтардың Орал казактарымен және казак старшындарымен сауда жүргізген солтүстік бөліктегі Өзен шебі, Глининский форпосты, солтүстік-батыста Эльтон көлі, мұнда Саратовтан, Камышинскіден саудагерлер келетін. Астраханнан қашық емес жердегі Қалмақ базары, Оңтүстікте Каспий теңізі жағалауындағы армяндар мен Астрахань татарлары келіп сауда жасайтын ватагалар, т.б. Бұл орындарда қазақтар өздерінің өнімдерін түрлі маталар, фабрика-зауыт өнімдеріне, нан, негізінен, бидайға айырбастап отырды.

Бөкей сұлтан тұсында бөкейлік қазақтар кундров татарларымен сауда жүргізді. Мысалы, 1803 жылы 23 желтоқсанда Кроснояр төменгі жергілікті сотының Астрахань азаматтық губернаторы князь Д.В.Тенишевке бөкейлік қазақтардың кундров татарларымен арадағы сауда-саттықты реттеу туралы мәлімдеме береді. Оны төмендегі құжаттан байқауға болады.

«Астрахань азаматтық губернаторының міндетін атқарушы вице-губернатор, стат-кеңесші және кавалердің өткен қарашаның 28-індегі ұсынысын орындау мақсатында осы соттық іссапарымен жіберілген ауылдық өкілі Машин Матиев Бөкей сұлтанның қарамағындағы қазақтардың кундров татарларымен Хомутовка және Сеитовка ауылдарында осы желтоқсанның ортасына дейін созылған айырбас саудасына қатысып, кейін оралды. Оралған соң, ол сотқа екі жақтан да, не қанша, қалай айырбасталғаны туралы ведомость тапсырды.

Бізге белгілі болған жайт бойынша, кейбір қазақтар айырбас жүргізілетін жерге келіп, әлі де сауда жүргізуге мүдделі. Сондықтан айырбас мерзімі өтіп кеткен соң, олар айырбас сауда жасауға қаншалықты құқылы – міне осыны анықтап берсеңіздер екен. Ол анықталған жағдайда мынадай тағы бір мәселе бар: Бөкей сұлтанның қазақтарына берген рұқсат қағаздарында бір ғана қожайын жолдастарымен бірге деп жазылған. Ол жолдастары кімдер екені айтылмайды. Сондықтан ондай рұқсат қағаз алған қожайын, тіпті, ханның өзіне де белгісіз жандарды жолдас қып алуы мүмкін. Мұндай жайттар айырбас сауда кезінде өз зиянын тигізуі ықтимал. Сол себепті, жоғарыда айтылған Бөкей сұлтан беретін рұқсатнама қағаздарда тек қана сауда істеуші қожайын ғана емес, келген жолдастарының да аты-жөні түгел жазылса екен. Бұл үшін осы сотта төмендегідей шешімдер қабылданды – селолық өкіл Машин Матиевтің қазақтар мен кундров татарлары арасындағы айырбас саудасының барысы туралы ведомостісімен бірге дәл сондай ведомость толтырып, сізге баянатпен қоса тапсыру қажет. Ал айырбас сауда желтоқсанның ортасына дейін берілген мерзімге біткеніне қарамастан әрі қарай жалғаса береді. Бұл жөнінде сотқа берілген қандай да бір ерекше нұсқаулық жоқ. Жоғарыда аталған селолық өкілдің мәліметі бойынша көрсетілген мерзім мен нұсқауға қарамастан селоларға келген кейбір қазақтар айырбас сауда істеуге мүдделі. Өзгелерінен де соны күтуге болады [2].

Бұл құжаттан бөкейлік қазақтардың кундров татарларымен Сеитов және Хомутов елді-мекенінде айырбас жасағандықтарын және жәрмеңке мерзімі аяқталса да, айырбас сауда жүргізіле бергенін көреміз. Осы айырбас саудасына арнайы өкіл жіберілген, ол осы жерде қанша мал айырбасталғаны жөнінде ведомость тапсырған. Сонымен бірге, сауда айырбасын жүргізу үшін қазақтарға арнайы рұқсат қағаздары берілген.

Енді төмендегі 1803 жылғы бөкейлік қазақтар мен Кундров татарларының Бөкей хандығына шекаралас Сеитов және Хомутов елді-мекенінде сауда айырбасын жүргізген ведомостісіне назар аударсақ [2,с.2].

# Кесте-1

Бөкейлік қазақтар мен Кундров татарларының Сеитов және Хомутов елді-мекеніндегі сауда айырбасы [2,с.3].

| № | Айырбасталған                                                                | Айырбастау |     |
|---|------------------------------------------------------------------------------|------------|-----|
|   |                                                                              | мал        | нан |
| 1 | 5 жастағы қойға 1қап,<br>2 жастағы қойға 2 қап<br>қара ұнға<br>ауыстырылған. | 83         | 107 |
| 2 | Салмағына қарай ірі<br>қара үш-төрт қап ұнға<br>ауыстырылған                 | 9          | 30  |
| 3 | Екі жастағы жылқы                                                            | 1          | 2   |
|   | Барлығы                                                                      | 93         | 139 |

Кестедегі дерек бойынша бөкейлік қазақтардың кундур татарларымен мал басын астыққа айырбастағанын байқаймыз. Сонымен қатар, қазақтардың басты айырбасы мал екенін және эквивалентсіз тауар-ақша қатынасының дамығандығын көреміз.

XIX ғасырдың алғашқы ширегінде Бөкей хандығы Ресей мемлекетімен қатар Бұхар және Хиуа саудагерлерімен де сауда жүргізген болатын. Бұхар мен Хиуаның саудагерлері XVI-XVII ғасырларда Маңғыстаудағы айлақтар арқылы Жайық бойымен Сарайшыққа дейін жетіп, сауда-қатынастарын жасап келгені тарихтан белгілі [3].

Астраханға келуші Хиуа саудагерлерінің саны азаймады. Маңғыстаудағы Қабалы және Қараған айлақтарынан Астраханға тіке Каспий теңіз жолы арқылы шығу жеңіл әрі тез болды. Өйткені, XIX ғасырдың алғашқы жартысында Каспийдің солтүстік-шығыс аймағында Астрахань сауданың негізгі буыны болғандықтан, оған хиуалық саудагерлер топ-тобымен келген. Мәселен, 1803 жылғы 18 сәуірде Маңғыстау айлағынан келген кемеде хиуаның 49, түркіменнің 4 саудагері келген. Осы жылғы маусымда келген сауда кемесінде 66 хиуа, 33 бұхар саудагері болған. Әсіресе, көп келетін хиуа саудагерлері болғандықтан, олардың Астраханға әкелген тауар

түрлеріне тоқталсақ, негізінен маталар, терілер, шапан түрлері, кашемир шәлілерін, жеміс-жидек түрлерін әкелген [4].

XIX ғасырдың басындағы Бөкей сұлтанның орталығы Астраханға жақын орналасты, әрі халқы да Қиғаш өзені, Еділдің төменгі бойындағы және Ахтуба өзені бойындағы ұйымдастырылған сауда орындарына тікелей қатысқан еді. Сонымен бірге, 1806 жылы хандықта сауда орындарын ашу туралы патша жарлығында көрсетілген болатын. Хандық қазақтарына астық, тағы басқа Ресей тауарларына малын айырбас жасау үшін Ақ мешіт пен Далотхан арасында арнайы базарлар ашылды [4,90б]. Сонымен қатар, осы хиуалықтар тауарына да айырбас жасаған.

Хандық халқының хиуалық саудагерлердің бұйымдарын көптеп тұтынатындығын және бұл сауда қатынасының XIX ғасырдың басынан Астрахань қаласы арқылы орныққанына көзіміз жете түседі.

Сонымен, Бөкей хандығының халқына бастапқы кезден тұрақты сауда айырбасын жасауға мүмкіндік болды. Еділдің төменгі саласына қарай Владимировка қаласынан Астраханға дейін Ақтөбе өзені бойында орыс шаруаларының елді-мекендері тығыз орналасқан еді. Екіншіден, Владимировкадан бастап Кожетаевқа дейін өзен бойында Ақтөбе (Ахтуба) шебі орналасты. Үшіншіден, осы өзен бойында орналасқан елді - мекендерді қорғайтын линияның шығысында жағалай қалмақтар көшіп жүрді. Міне, осы көшпелі қалмақпен қатар қазақтар елдің төменгі бойындағы отырықшы елді-мекендерде айырбас жасайтын болды. Сонымен қатар, 1803 жылдан бастап Ақ мешіт жәрмеңкесі қазақтар үшін негізгі сауда орталығы болып саналды. Ол Еділдің ең төменгі ағысында орналасқан. Мұнда қазақтар хиуа, орыс және қалмақ саудагерлерімен айырбас жасады. Қазақтардың мал саудасының негізгі бөлігі бастапқы кезеңде Ақ мешітте жасалған. Бұл сауда орталықтарында сауда айырбасы мал мен оның өнімдерін құрады [4,90б].

Бөкей сұлтан астық, тағы басқа заттарды Астрахань қаласынан сатып алып отырған. 1813 жылы 13 маусымда Бөкей ханның Астрахань азаматтық губернаторы С.С. Андреевскийге ұн және басқа да заттарды бөкейлік қазақтар үшін сатып алу

және сыртқа шығаруға қолдау туралы өтінішінде былай дейді: «Мен өз төлеңгітім старшын Бармақ Мұратовты, онымен бірге ағасы Тұяқты жеке өзімнен бірнеше мың рубль ақша беріп, Астрахань қаласына мың бума бидай ұнын және бес жүз қара бидай ұнын және басқа да тауарларды сатып алып, оның бәрін біздің қырғыз-қайсақ халқының қыстайтын жеріне жеткізіп, оларға сатуды тапсырдым.

Осы жағдайда сізден зор ілтипатпен сұрайтыным, менің жіберген шаруаларым старшын Бармақ Мұратов пен ағасы Тұяқ жоғарыда айтылған ұн мен тауарларды Бакиев кордоны тұсындағы біздің қыстаққа алып келуге рұқсат бердім. Сіздің мәртебеңізден қажет адамдарды тиісті бұйрықсыз қалдырмауыңызды сұраймын [5].

Сөйтіп, Бөкей сұлтан өз старшынын Астрахань қаласына жіберіп, астық, тағы басқа заттарды сатып алып, оны Бөкей Ордасындағы қазақтарға сатқан.

Сонымен қатар, Бөкей сұлтан өз қарауындағы татар Өмір Жұмағалиевті де Астрахань қаласына астық сатып әкелу үшін жіберіп отырған [5,с.4].

М.Л. Вяткиннің мәліметі бойынша Қазақстаннан Ресейге негізгі сауда малы қой: 1803-1807 жылдары 400.715, 1808-1812 жылдары 318.222 бас әкетілген. Ал, Бөкей хандығындағы Шығай сұлтанның толық емес мәліметі бойынша 1814 жылы Ресейге 277.100 бас қой сатылған [6]. Сондай-ақ, 1814 жылғы Бөкей хандығындағы сатылған мал бағасына келсек, хандық қазақтары шектес аумақтағы жәрмеңкелерде төмендегідей көлемде малдарын өткізген.

## Кесте-2

1814 жылғы Бөкей Ордасында сатылған мал саны [6,8с.].

| Мал саны (мың)   | Ресейге сатылған              | қалғаны            |
|------------------|-------------------------------|--------------------|
| Түйе             | Бұл кезде әлі сатуға шықпаған | 63.338             |
| Жылқы            | 41.242                        | 350562 (391704)    |
| Мүйізді ірі қара | 16.302                        | 135856 (152158)    |
| Қой              | 27.7100                       | 1385506 (1662606)  |
| Ешкі             | 14.066                        | 91442 (105508)     |
| Барлығы          | 34.8710                       | 202.6704 (2375414) |

Бұл кестеден көріп отырғанымыздай, бұл кезде түйе малы әлі саудаға шықпаған, яғни Ресей тарапынан түйеге әлі сұраныс жоқ, ал түйені кейіннен хандықтан негізгі сұранушы Ресей соғыс экспедициясы т.б. үшін пайдаланған. Қой және жылқы малы Ресейге көптеп сатылған.

1814 жылдың өзінде хандық қазақтарының қолындағы 2375414 бас малдың 5\1-і саттыққа шығарылған. Егер 1820 жылғы орташа бағамен есептесек: жылқы – 50 сом, сиыр – 40 сом, қой – 10 сом, ешкі – 5 сомнан [4] – онда қазақтар 1814 жылы 41242 жылқы – 2062100 сом, 16302 сиыр – 552080 сом, 277100 қой – 27710.00 сом, 14066 ешкі – 70330 сомға шығарып, қазақтар сатқан барлық 348710 бас малы – 5455510 санды құраған. Бөкей хандығы қазақтарының Ресейге жақын орналасуы тікелей сауда жасауға қол жеткізіп, 1814 жылғы Ресейге 41242 бас жылқы, 16302 бас мүйізді ірі қара, 277100 бас қой, 14066 бас ешкі малы сатылған. Сонымен бірге Ресеймен шектес сауда орнындарында 116832 бас қой малы айырбасталған[7].

К.А. Фукс өз еңбегінде «Далалық аймақта қазақтармен сауда істеу үшін орал казактары Өзен және Глинянский форпостын белгіледі. Енді бұл жерде 40 шақты татар үйлері, 30 шақты орыстардың үйлері орналасқан. Бұл жердегі айырбас қазан, қараша, қаңтар айларында жүргізіледі. Бұл жерге орыс және татар саудагерлері, Орал, Саратов, Қазан қалаларынан келеді», - деп жазады[8]. Ал И.С.Ивановтың еңбегінде «1816 жылы орал казактарының құрған Глининский форпостындағы қазақтардың сатқан малының бағасы төмендегідей болған: 1820 жылы түйе - 80 сом, жылқы - 50 сом, мүйізді ірі қара - 40 сом, қой -10 сом, ешкі – 5 сом болды» - дейді [9].

Шығай тұсында жоғарыда айтылып кеткен Қалмақ базарында бөкейлік қазақтар өздерінің мал және оның өнімдерін айырбастаған. 1820 жылы 28 қаңтарда Шығай сұлтан Астрахань азаматтық губернаторы И.Я. Бухаринге татар Мұстафа Бековты қазақтар үшін осы Қалмақ базарындағы өкілі етіп тағайындау туралы ұсыныс білдіреді. Оны төмендегі құжаттан көруге болады. «Азия халықтарынан бұған дейін

түскен өтініштері бойынша мен Астрахань уезінің Саян мекенінің татары Мұстафа Бековті қазақтардың басқа халықтармен мал айырбастауы кезінде Қалмақ базарында 28 қаңтардан алдағы 1821 жылдың 1 қаңтарына дейін қазақтар жағынан бақылаушы болуды тапсырғанмын. Ал татар Мұстафа Беков Астрахань азаматтық үкіметінің қарамағында болғандықтан, мен сізден, Астрахань земствалық сотына менің қазақтарым мен Ресей халқы арасында мал сату немесе айырбастау кезінде тәртіп сақтау үшін Бековті сол Қалмақ базарында болуға тиісті жылдық мерзім ішінде ешқайда қоғамдық тапсырмамен жібермеуді өтініп сұраймын» [10].

Бұл құжаттан Шығай сұлтанның Қалмақ базарында бөкейліктердің малдарын айырбастауда тәртіп қадағалау үшін Бековті тағайындауды өтінгенін көреміз.

Сонымен қатар, тағы бір құжаттағы 1825 жылы 20 мамырда Астрахань губерниялық басқармасының Қалмақ базарында Ішкі Орда өкілін тағайындау туралы қаулысына тоқталсақ:

«Өткен 1823 жылдың 22 наурызында азаматтық губернатор және кавалер губерниялық басқарма мәжілісінде Қазақ Ордасының сұлтаны Шығай Нұралыхановтың Қалмақ базарындағы бодончей лауазымына Соляnsk селосының татары Рамазан Арсапаевты сауда істерін атқаруға тағайындағандығы туралы қатынас қағазын таныстырып, губерниялық басқармаға осы мәселе бойынша қажетті өкім шығарып, жоғары мәртебелімнің кеңесіне оның көшірмесін жіберуді ұсынды.

Бұл ұсыныс бойынша губерниялық басқарма сол жылдың 31 наурызында шығарған қаулысында былай деп шешті: қазіргі қазақтар атынан Қалмақ базарына бодончей лауазымына ұсынылып, сайланғалы отырған Соляnsk селосының татары Рамазан Арсапаев бұрынғы бодончей, қазақ старшыны Жұманазар Ярлыкаповтың орнына сайланғалы тұрғандықтан, губерниялық басқарма Арсапаевты бодончей лауазымына бекітуге кіріспей тұрып, бұл лауазымда болған Ярлыкапов старшын кімнің және қашан берілген рұқсаты бойынша бұл қызметті атқарды және қандай себептермен оның орнына

қазақтардың арасынан емес, Юртов татары сайланып отыр – міне бұл сұрақтарға жауап алу қажет. Бұл туралы мәлімет жинауды және оны губерниялық басқармаға жеткізуді жергілікті исправник Краснокутскийге жүктелсін.

Осы тапсырма бойынша Кроснояр жергілікті исправнигі Краснокутский баянат арқылы мәлімдеді: Ол Кіші Қазақ Ордасының сұлтаны Шығай Нұралыхановпен аталған жағдай туралы сұхбаттасқан соң, мынадай мәлімет алды: старшын Ж. Ярлыкапов бодончей лауазымында оның рұқсаты және азаматтық губернатор мырзаның бекітуімен қызмет атқарды. Ал қазір ол бодончей лауазымынан кейбір қажетті ордалық комиссияларға байланысты босатылды. Оның орнына Юртов татары Рамазан Арсапаевтың тағайындалуының себебі – бұл лауазымда бола алатын старшындардың барлығы да Шығайдың ставкасындағы ордалық комиссия жұмысына қажетті. Өзгелері Ресей заңдарын білмегендіктен, бұл лауазымды атқара алмайды.

Сол себепті губерниялық басқарма сол 1823 жылдың 21 шілдесінде губернатор кеңесінен сұраныс жіберіп, старшын Ярлыкаповтың Қалмақ базарында сауда істерінің бодончейі ретінде, расында да, азаматтық губернатордың бекітуімен тағайындалғандығы туралы мәлімет талап етті.

Губерниялық басқарма Астрахань жергілікті сотына 27 қыркүйекте жарлық жіберіп, бұрын-соңды қазақтар арасынан қалмақ базарында бодончей болған біреу бар-жоқтығын анықтап, бодончейдің міндетіне не жататындығын, оның лауазымдық қызметке кімнің бекітуімен жіберілгендігін анықтап, мәлімдеуді тапсырды. Осы тапсырмаға жауап ретінде Астрахань жергілікті соты баянат арқылы мәлімдеді: қазақтардың үстінен қарайтын бодончейдің міндеті – осы халық пен өзге ұлт өкілдерінің арасында дау-жанжал туындай қалған жағдайда, бодончей бұл жанжалға араласып, өз күшімен тараптарды татуластыра алмаған жағдайда, бұл туралы басшылыққа жеткізуі қажет. Сонымен қатар, ол қазақтар сатқан малдың дәл санын жүргізіп, бұл туралы сұлтан Шығай Нұралыхановқа мәлімдеп отыруы қажет. Шығай Нұралыханов

Солянк селосының татары Рамазан Арсапаевты бодончейлікке тағайындай отырып, Арсапаевқа хан берген сенімхатты көресетеді, бұған қоса ханның азаматтық губернатор мырзаға Арсапаевты бодончей лауазымына бекіту жөнінде өтініш жасағанын айта кетеді [11].

Сөйтіп, Қалмақ базарында Бөкей Ордасы қазақтарының арасынан бір адамды бодончей лауазымына сайлаған. Бұл бодончей лауазымына лайықты адамды Шығай сұлтан өзі тағайындаған. Ол адам Қалмақ базарында әр түрлі ұлт өкілдері арасындағы дау-дамай сияқты жағдайларды шешуге қатысқан. Сонымен бірге, қазақтар сатқан малдың санын Шығай сұлтанға мәлімдеп отырған.

Сонымен қатар, бөкейлік қазақтар Эльтон маңында сауда істеген. Шығай сұлтанның Орынбор губернаторына жазған хатында былай дейді: «Эльтон маңында 15 тамыз бен 15 қыркүйек аралығында жұмыс істейтін жәрмеңкенің ашылуына байланысты осы жәрмеңкеге мал, тері, жүн сатып, астық алуға менің қарамағымдағы қазақтар да келетін болғандықтан, мен өз тарапымнан жәрмеңкеге өз қарамағымдағы аудармашы молданы жібердім (Мұзафар Юсупов). Сізге өз тарапыңыздан нұсқау беріп, менің қарамағымдағы қазақтарға қамқор болуыңызды өтінемін» [12].

Бұл құжаттан Бөкей хандығындағы сауда-саттықта айырбас саудасының дамығандығын және Шығай сұлтанның жәрмеңкеге аудармашыны да жіберіп отырғанын байқаймыз.

Көп уақыт өтпей Орданың өз ішінде де саудагерлер мен көпестер пайда бола бастады. Әсіресе, «тасымал саудасы» жоғары дамыды. В.Ф. Шахматов өз еңбегінде тасымал саудасы туралы былай дейді: «Алғашқы жылдары Бөкей Ордасының территориясында нақты сауда орындары болған жоқ. Орыс көпестері Орданы аралап, өзінің тауарларын мал және оның өнімдері: жүн, тері, тағы басқа шикізат өнімдеріне айырбастады. Бұл тасымал саудасымен орыс көпестері ғана емес және қазан татарлары, жергілікті бай-феодалдар айналысты. Көптеген байлар орыс көпестерінен тауарды

комиссияға алып, Орданы аралап, қазақтарға жоғары бағамен сатты» [13].

Қорыта айтсақ, XIX ғасырдың алғашқы жылдары Бөкей хандығында нақты сауда орындары болған жоқ. Сауда Бөкей Ордасына жақын шекаралас форпостарда, қарауыл кордондарында жүргізілді. Бөкей, Шығай тұсындағы бөкейлік қазақтар Сеитов және Хомутов елді-мекенінде және Астрахань, Қалмақ базарында, Эльтон маңында айырбас жүргізді. Бұл жерлерде Орал казактары, орыстар, татарлар қазақтармен сауда айырбасын жасады. Ал Орданың ішінде 1832 жылға дейін тасымал саудасы дамыды.

#### Әдебиеттер:

1. Бларамберг И.Ф. Военно-статистическое обозрение земли киргиз- кайсаков Внутренней (Букеевской) Орды и Зауральской (малой) Орды Оренбургского ведомства. //Военно-статистическое обозрение Российской империи. СПб. 1848г. Ч 3. с 20.
2. РФ АОММ, қор-1, тізбе-1, іс-2424, 3-бет.
- 3.История Казахстана (с древнейших времен до наших дней) в пяти томах. Т.2. - Алматы: Ата мұра. 1998г. 640 с.
4. Харабалин Г.Е. XIX ғасырдағы Бөкей Ордасы. Орал.2004ж. 238 б.
5. РФ АОММ, қор-1, тізбе -3, іс-986, 1-бет.
6. ҚРОММ, қор-78, тізбе-1, іс-15, 12-бет
7. РФ ООММ, қор-6, тізбе-3, іс-4472, 46-бет.
8. Фукс К.А. Пребывание в Казани киргизского хана Джаньгирия. // Казанский вестник, 1826г. 18-ч. № 10.
9. Иванов И.С. Краткие сведения о ярмарке во Внутренней Киргизской Орде.// Памятная книжка Астраханской губернии на 1887г. Астрахань.1887г.
10. ҚРОММ, қор-78, тізбе-1, 7- іс, 5- бет
11. ҚРОММ, қор-78, тізбе-1, 9- іс, 33-бет
12. РФ АОММ, қор-1, тізбе -5, іс- 997, 1-бет.
13. Шахматов В.Ф. Внутренняя Орда и восстание Исатая Тайманова. Алма – Ата: Изд. Ан Каз ССР. 1946г. 253 с.

\* \* \*

*В этой статье рассматривается развитие торгового дела Букеевской Орды и торговые взаимоотношения с другими странами..*

**Ұ.Ш. Исмағұлов,**  
т.ғ.к., доцент, Қ.Жұбанов атындағы  
Ақтөбе мемлекеттік университеті

## **КЕҢЕСТІК ЖҮЙЕДЕГІ ЖЕРГЕ ОРНАЛАСТЫРУ ТАРИХЫНАН (ОРАЛ ОКРУГІ МАТЕРИАЛДАРЫ БОЙЫНША)**

1928 жылдары Қазақстанда жүргізіліп жатқан жерге орналастыру жұмыстарында өзгерістер басталады. Оның негізі БОАК Президиумының 1927 жыл 12-желтоқсандағы қаулысында келтірілген жерге орналастырудың тиімділігі, онда таптық бағытты ұстану қажеттілігі мәселелерінің қойылуы болып табылған еді. Міне, осы құжатты басшылыққа ала отырып ҚазАКСР ОАК мен ХКК 1928 жылдың наурыз айында «ҚазАКСР-да жерге орналастыру және жерді пайдалану тәртібі» жөнінде қаулы қабылдайды. Онда жер кесудегі кезектіліктің жойылатындығы, келімсектер жерге қазақтармен бір мезетте отырғызылатындығы, жер нормасын белгілеу жерге орналастыруға тартылатын территорияны ауыл шаруашылығы аудандарына бөлу негізінде жасақталатындығы, жер бағамын қою барлық ауданға бірдей болатындығы, норма шаруашылыққа емес, жан басына ыңғайластырылатындығы, жерге орналастыру жұмыстары қоныстандыру қорына артық, бос жерлерді анықтау мүмкіншілігіне байланысты қарастырылуы керектігі көрсетіледі [1]. Соған байланысты ҚазАКСР ХКК-не жерге орналастыру ісінде мынадай шараларды жүзеге асыру жүктеледі:

...10. Орындалу жұмысы жоспарын жерге орналастырудың жаңа тәртібіне сай қайта қарап шығу: а) Солтүстік Қазақстан бойынша норма белгілеудің жүйеленген материалы болмауына байланысты мұндағы 2-сатыдағы жұмыстарын 1929 жылға көшіру. Осы жұмыс Оңтүстік Қазақстанда ондағы ұлтаралық қатынастың шиеленісуіне, шаруашылықтың күйзелісті жағдайда болуына... байланысты үстіміздегі жылы жүргізілсін;

б) І-сатыдағы жұмыс бағыты Түркісіб аймағы және артық жер шығуына мүмкіншілігі бар аудандарына жұмылдырылсын... [2].

Сөйтіп, басты назар Қазақстанға, оның ішінде Одақ үшін маңызды болып табылған Түркісіб (Семей, Жетісу губерниялары және Сырдария губерниясының бір бөлігі) ауданына, ұлтаралық қатынастар шиеленіскен деп танылған аймақтарға (Сырдария және Жетісу губерниялары), егіншілікке жарамды артық жер шығуы мүмкін деп есептелген жерлерге аударылады. Соңғысына Орал губерниясының солтүстік бөлігі жатқызылады. Бұл жақтан егін шаруашылығына керекті артық жер шығады деп есептелді.

Сол себепті де 1927 жылдың өзінде жобаланып қойылған 1928 жылғы жұмыс жоспары түбірімен өзгертіліп, жерге орналастырудың жаңа тәртібіне сәйкес қайта құрылады және ол кей болыстарды жерге орналастыру ісін 1929 жылғы дала жұмыстары кезінде жүзеге асыруға дайындап қоюға икемделеді.

1929 жылы Орал округінде Тепловский және Каменский аудандарына жататын бұрынғы Соболевск, Рубежинск, Красновск (Тепловский ауданы) және Каменск, Шаған (Каменский ауданы) болыстары жерге орналастырылуы тиіс болды.

Егіншілікке жарамды бүкіл солтүстік бөлікті алып жатқан бұл болыстардың табиғи - тарихи жағынан өзіндік ерекшеліктері бар еді. Аймақтың климаты континентальды, жылдық ылғалдығы 340-350- ден (солтүстік) 270-280 мм. дейін (оңтүстік), ал жер құнарлығы солтүстікте қара, орталығында қоңырқай қызыл, оңтүстігінде қызғылт топырақты, сортаң болып келді. Соған байланысты аймақтың егіншілікке жарамдылығы солтүстікте 75% құраса, оңтүстікте ол 15% дейін түседі.

1929 жылға белгіленген жерге орналастыру ауданы - 1334700 га құрайды. Міне, осы іс-шараны жүзеге асыру үшін жер нормасын белгілеу керек болады. Ол үшін ауданның шаруашылық ерекшеліктерін, тұрғындар және шаруа қожалығы сандарын айқындау қажеттілігі туады.

Шағын аудандарға бөлу әрекеті бұл жақта 4 ауыл шаруашылығы ауданын белгілейді. Оған 1926 жылы

жүргізілген жаппай шаруашылық сипаттаманың санақтық материалдары және ауыл шаруашылығы түрлерінің жасақталуына ықпал еткен жағырапиялық- топырақтық экономикалық факторлар жөніндегі мәліметтері қолдау болады.

Белгіленген аудандар мыналар:

1. Егіншілік (бидай);
2. Егіншілік (бидай- тары- қара бидай);
3. Егіншілік (бидай), балық және т.б. кәсіпшілдікті дамыту;
4. Егіншілік ( бидай), мүйізді ірі қара ауданы [3].

Жер нормасын шығару мақсатында белгіленген осы микроаудандар макроаудандық масштабта ауыл шаруашылығының бір түріне (егіншілік, астықты- мүйізді ірі қара) жатқызылды және ол губернияның солтүстігіндегі егіншілікке жарамды жерлерді қамтыды.

Бірінші түрі Соболевск, Красновск болыстарына, сондай-ақ Каменск, Шаған және Рубежинск болыстарының солтүстік жағына тарады, екінші түрі оңтүстік бөлігін алып жатты.

Жерге орналастыру партиялары бұрынғы Каменск, Красновск болыстарында тұрғындар санағын 1927 жылы, Соболевск, Рубежинск және Шаған болыстарында 1928 жылы жүргізеді. Санақ нәтижесі Красновск болысында 12902 жаннан тұратын 2760, Каменск болысында 2277 (10780 жан), Соболевск болысында 2003 (9465 жан), Рубежинск болысында 3816 (16721 жан), Шаған болысында 2414 (10272 жан) шаруашылық болғанын айғақтайды.

Жерге орналастыруға көзделген бүкіл территория кезінде Орал әскери казактарына қараған еді.

Бұл жақта норма белгілеуге негіз болған материалдар мыналар болды: 1) 1927 және 1928 жылдары жерге орналастыру үшін арнайы жүргізілген жаппай шаңырақтық зерттеу мәліметтері. Ескерер жай, оның тек арнаулы санақтық – экономикалық партиялары дайындаған 1928 жылғы мәліметтері ғана алынды, ал 1927 жылғы мәліметтер тек микроаудан құруға пайдаланылды. Себебі, онда жалдық мәселеде және жұмыс күшін, керек – жаракты, т.б. бөлуде кемшіліктер көп кездесті;

2) 1928 жылғы қауымдық зерттеу мәліметтері; 3) 1926, 1927 жылдардағы ҒА экспедициясы жүргізген бюджеттік зерттеу мәліметтері; 4) 1-сатылық жұмыс нәтижесінде жинақталған агрономиялық және жерге орналастыру мәліметтері; 5) санақтық, агрономиялық және т.б. материалдар мәліметтері [5].

Қажетті тұтыну-еңбек нормасының жасақталу негізіне эмпирикалық-санақтық тәсіл алынады. Жалпы, осы тәсілді таза күйінде пайдалану тұтыну- еңбек сипатына келіп қалатын шаруашылыққа тиісілі норманы берер еді. Бірақ, сол кездегі жағдайда ол екі себеп арқылы мүмкін болмады.

Орал округінде жерге орналастыру ауданындағы жерді пайдаланудың ерекше жағдайы жеке шаруашылықтар түгілі барлық қауымның егістік жер ауданын анықтауға ыңғай бермейді. Әрі кеткенде егістікті есепке алуға мүмкіндік бар еді, ал тың жерлер өздерінің, тіпті көрші қауымдардың пайдалануында болды.

Сөйтіп, қажеттілігіне қарай эмпирикалық – санақтық тәсілмен қалыпты шаруашылыққа тиісілі егістік көлемін қойып егістіктің тыңайтылған жерге қатысы негізінде тұтынарлық егістік жер ауқымын анықтауға тура келді.

Пішендік мөлшерін де эмпирикалық- санақтық тәсілмен анықтауға болатын еді. Бірақ, мұнда бірқатар кедергілердің шығып қалуы байқалады, яғни, пішендікті жасыру салық органдарына шабылған жер ауданын анықтауға мүмкіндік бермейді және де Орал округінде салық органдарының пішендікті есепке алу және оған салық салу жұмысы 1928 жылы бірінші рет өткізіледі.

Қажетті жайылым жерін санақтық тәсілмен анықтау тіпті мүмкін болмады. Қауымдардың белгілі бір шекарасының болмауына қолда бар малдың жайылымды пайдалану дәрежесінің белгісіздігі қосылады. Сол себепті де мұнда 1 бас малға келетін жайылым нормасы қауымдарға сұрау салу арқылы ғана тексерілген агрономдық мәліметтер арқылы қойылады.

Норманы белгілеуде конструктивті әрекетке барудың екінші себебі шаруашылықты жүргізудің кей техникалық жақтарын рационализациялаумен сол шаруашылықтың қаншалықты жетілдірілуі мүмкін екендігіне байланысты еді.

Жалпы, бұрынғы кеңестік тарихнамада болсын,отандық тарихнамада болсын осы кезеңге жататын аграрлық, жер мәселелерінде жер нормасының белгіленуінің саяси, әлеуметтік мәнін дәлелдеуге кеңірек көңіл бөлініп,оның таза жасақталу механизмі ерекшеліктерін ашып көрсетуге тырысушылық байқала бермеді. Сол себепті де осы жер нормасын шығару әрекеттерін нақтырақ қарастыру артық болмайды деп ойлаймыз.

Қалыпты шаруашылыққа орта деңгейдегі отбасы мүшелері бар, жұмыс күшін жалдамайтын, өз отбасын қамтамасыз ете алатын шаруашылық жатты.

Орал округінің 1- ауданына белгіленген жер нормасы

Қалыпты шаруашылықты шығаруға мынадай есеп қолданылды:

| жан саны | егістік( дес) | мал басы саны |
|----------|---------------|---------------|
| 5,44     | 8,28          | 7,35          |

1. Қажетті егістік жер есебі:

Егістіктің тыңайтылған жерге қатынасы 1:1 есебінде алғанда егін салуға қажетті жер ауқымы  $8,5+8,5=17,0$  дес. құрайды.

11. Қажетті пішендік жер есебі:

Бір басқа күндік азық 28 фунт және 7 басқа кезең ұзақтығы 152 күн құрағанда қорадағы малға қажетті азықтандыру  $28 \times 7,0 \times 152: 40 = 744,8$  пұт болады.

Сондай-ақ мал қырман қалдықтарын азық ретінде пайдаланады.Оның мөлшері 187,1 пұт көрсетеді,оны шөпке балағанда 151,8 пұтқа келеді.

Сонымен, қырман қалдықтары шөпке балағанда 151,8 пұт береді. Олай болса шаруашылықтың шөпке балағандағы (744,8 пұт) жалпы тұтынуы қажеттілігінен пішендік үлесіне  $744,8-151,8=593,0$  пұт келетін болды. Осы шөп мөлшері шабындықтан шығуы тиіс деп есептелді.

II-разрядты жыртылған жерде егістіктің тың жерге қатынасы 17,0 дес.: 8,5 дес. болады. Агрономиялық және қауымдық мәліметтерге сүйене, сондай-ақ белгіленген тыңайту кезеңінің қысқартылуын назарға ала отырып сол шабуға арналған тың жер проценті 40 болатындығын, ол десятина бойынша  $8,5 \times 40 : 100 = 3,4$  беретіндігін көреміз.

Шабуға арналған тың жердің орташа өнімділігі 60 пұт деп есептелгенде  $3,4 \times 60 = 204,0$  пұт алынады.  $593,0 - 204,0 = 389,0$  пұт. Осы азық мөлшері арнайы шабындықтардан алынуы керек болды.

II-разрядтағы шабындық өнімі 135 пұт берсе, онда барлық қажеттілікті өтеу көрсеткіші мына цифрді құрайды:

$$389,0 : 135 = 2,88 \text{ дес. немесе дөңгелектегенде } 2,9 \text{ дес.}$$

III. Қажетті тұтыну жайылымын есептеу.

Эмпириялық тәсіл негізінде және агрономдар зерттеуінің мәліметтерін қарастыру арқылы жайылымдық кезеңде азықтық норма бір бас малға 26 фунт есебінде алынады.

Жайылымдық кезең 213 күн деп есептелгенде жалпы тұтыну қажеттілігі  $(213 \times 26 \times 7,0) : 40 = 969,2$  пұт болады.

1-разрядтағы 1 дес. жайылымның өнімділігі 40 пұт болғанда барлық жайылымнан азыққа келетіндігі  $969,2 : 40 = 24,2$  дес.

Нақты бөлуде жайылым мөлшері төмен болады, өйткені шаруашылықтар орылғаннан, шабылғаннан кейінгі қалдықтарды, балауса шөптерді және шабылмаған тың жерлерді пайдаланады.

Зерттеу материалдарының болмауына байланысты сол пайдалануды есепке алу үшін бүкіл Солтүстік Қазақстанға мынадай жалпы тәртіп қабылданды:

1) 1 дес. астық сабағын пайдалану 1-разрядтағы жайылымның сәйкес дес. 10% бағаланады;

2) Тың және шабындық жерлердің балауса шөбін, сондай-ақ шабылмайтын тың жерді пайдалану 1-разрядтағы жайылым өнімділігінің 25% құрайды. Сонда шаруашылық астық сабағынан  $8,5 \times 10 : 100 = 0,85$  дес. 1-разрядтағы жайылым, шабылмайтын тың жерден  $8,5 - 3,4 \times 25 : 100 = 1,27$  дес. жайылым,

шабылатын тың жерден  $3,4 \times 25 : 100 = 0,85$  дес. жайылым және шабындықтан  $2,9 \times 25 : 100 = 0,72$  дес. жайылым алады.

Сөйтіп, көрсетілген пайдалану  $0,85 + 1,27 + 0,85 + 0,72 = 3,69$  дес. 1-разрядты жайылымды алмастыратын болады. Осыны ескерсек  $24,2 - 3,69 = 20,51$  дес. 1-разрядтағы жайылым бөлу керектігі шығады.

Традиции меценатства и благотворительности свято соблюдались в Акмолинске как русскими купцами, так и казахами. На их деньги строились школы, медресе, театры. В 1898 году в Акмолинске было образовано общество попечения о начальном образовании. В качестве попечителей школ выступали Матвей и Василий Кубрины, Иван Силин и другие. Баймухамед Коцегулов построил мечеть и школу для мусульманской молодёжи. Ныне это здание Казкоммерцбанка. Городское женское училище находилось в районе нынешнего Казахского драматического театра на нынешней улице Омарова. На месте старого здания парламента стоял дом купца Халфина, в советское время там была областная типография. На углу улиц Торговой и Хлебниковой было возведено двухэтажное каменное строение - отделение Сибирского торгового банка. Здание, известное в качестве финансового центра, привлекало гостей и жителей городка и своим «рейнским погребом». Товарищество братьев Егоровых организовало в нижних этажах этого здания круглогодичную торговлю дорогими винами и свежими фруктами. На магазине висела вывеска «Водки и цитрусовые круглый год». Дом был из

красного кирпича, его снесли в 90-х годах XX века, и по этому поводу можно только выразить огромное сожаление.

Но основное население Акмолинска - крестьяне, чьим главным занятием были скотоводство и хлебопашество. Практически в черте города находилось несколько выгонов и полей. Ближайшей железнодорожной станцией был Петропавловск - 500 вёрст. Лошади, быки и верблюды - тяговая сила, которая снабжала городок почтой и хозяйственными грузами. На них же ездили и пассажиры. Понятно, что извоз был довольно прибыльным, а потому популярным способом заработка. Экспорт - импорт был отменно налажен. Вывозили шерсть, кожу, продукты сельского хозяйства, а обратно везли строительный лес, промышленные товары, уголь для кузниц, керосин.

В 1890 году городские власти поставили на Центральной площади Гостиные ряды - два корпуса одноэтажных каменных магазинов, занявших по фасаду целый квартал. На месте нынешнего торгового центра «Sine Tempore» располагался магазин Коцегулова «Зеленые ряды», он назывался так потому, что ворота и окна этого здания были окрашены в зеленый цвет. Рядом с ним на площади (нынешний Конгресс Холл) устраивалась знаменитая на всю Сарыарку Константиновская ярмарка. Это место было всегда оживленным, шумным, сюда съезжались торговать со всех окрестных селений крестьяне, ремесленники. На углу бывших улиц Театральной и Думской (современные Желтоксан и Кенесары) были построены здание городской управы и пожарная каланча. Высокий столб у управы венчал металлический герб России - двуглавый орёл. Башня в городе была особенно актуальна: деревянные в большинстве своём дома горели, как спички. В 1912 году пожарная команда состояла из 24 человек, имела 15 лошадиных упряжек с бочками и 5 ручных насосов. В те годы этими постройками ограничивалась западная сторона центральной площади Акмолинска. Рядом впоследствии был построен государственный русский драматический театр им.М.Горького.

В 1897 году город ещё не был большим: в нём проживало 9707 человек. Из них 5105 лиц мужского пола и 4602 - женского. Казахов было 3020 человек, русских - 4619, татар -

1035, мордвы - 223 человек, немцев - 205 человек, евреев - 173 человека, украинцев - 101 человек и др. Только 7 жителей города имели высшее образование, и среди них была лишь одна единственная женщина. Вообще же грамотные люди составляли только 22.5 % от общего числа акмолинцев. Таковы были итоги первой Всеобщей переписи населения Российской Империи, найденные старейшим архивистом столицы Николаем Ивановичем Байчиковым.

Постепенно город стал застраиваться каменными домами, многие из которых и по сей день сохранились в старом центре столицы. Котировки образования, да и элементарной грамотности, в Акмоле стали повышаться. В 1898 году в области насчитывалось 3 городских, 12 церковно-приходских школ и несколько сельскохозяйственных училищ. Уникальная особенность дальних окраин Российской империи - появление в северной провинции носителей новой прогрессивной мысли - политических ссыльных. По неполным данным, с 1882 по 1906 годы здесь отбывали ссылку 45 человек. Уровень их образования позволял им выходить на службу в различные учреждения городка.

### **Ветер перемен**

На старой Думской улице (позже Комсомольская, ещё позже Желтоксан) находилось здание городской Управы, которой отводилась важная политическая, общественная и хозяйственная роль в жизни города. Именно отсюда осуществлялось руководство всеми делами Акмолинска. После февральской революции и перехода власти к Временному правительству, члены управы сформировали в Акмолинске уездный Исполнительный комитет, который, правда, продержался недолго. Инициативная большевистская группа во главе с Т.И. Бочком 27 декабря 1917 г. образовала Акмолинский городской Совдеп, а на первом уездном съезде рабочих, крестьянских, солдатских и мусульманских депутатов 2 марта 1918 г. был избран Акмолинский уже уездный Совдеп и принято решение об установлении в уезде единой Советской власти. После закрытия съезда его участники пошли к

городской управе и торжественно спилили столб с двуглавым орлом.

Перманентная смена власти – одна из составляющих смутного времени. Пришёл Колчак, и управа возобновила свое существование. Должность последнего "городского головы" исполнял купец С.А. Кубрин, который, заболев тифом, скончался осенью 1919 года. 24 ноября 1919 г., перед тем как белоказачий атаман Дутов навсегда покинул Акмолинск, купечество и местная интеллигенция устроили в освободившемся от штаба помещении Управы прощальный бал. А вечером следующего дня, 25 ноября, у северозападной городской окраины появился авангард Кокчетавской группы войск – 1-й Акмолинский и 2-й Кустанайский стрелковые полки Отдельной Степной бригады 59-ой дивизии во главе с Г.Ю. Нейманом. Управу, как водится, заняла новая власть – штаб 59-ой стрелковой дивизии (начдив К.И.Калинин, он же начальник Кокчетавской группы войск). Позже здесь квартировали разные советские учреждения, в том числе городская и областная библиотеки.

### **Всё для фронта! Всё для победы!**

В октябре 1939 года Акмолинск был определен областным центром. Это произошло не случайно: к началу Великой Отечественной войны он уже был достаточно большим городом с широко представленной индустрией. Здесь работало 6 предприятий, из них три – республиканского значения, и ещё три – местной и кооперативной промышленности. Общая численность занятого на них населения составляла 801 человек. А вообще здесь проживало 32,5 тысячи горожан. С передачей Акмолинску нового статуса перед городом открывались новые заманчивые перспективы, но...О начале войны, о митингах на предприятиях города, о первых днях после страшного известия можно прочесть на страницах местных газет 1941 года.

Сохранились оригиналы решений Акмолинского горисполкома о приёме и размещении на территории города воинских формирований, сводки о наличии людских ресурсов, наряды на поставку лошадей в Красную Армию. Всё взрослое население прошло подготовку к противовоздушной и

противохимической обороне (ПВХО), а мужчины в возрасте от 16-ти до 50-ти лет — обязательное военное обучение. Статистика тех лет свидетельствует: к началу 1945-го более 10 тысяч акмолинцев сдали нормы ПВХО, военному делу было обучено 9172 человека. Были создан штаб местной противовоздушной обороны (МПВО) и подготовлены группы самозащиты, активно работали ОСОАВИАХИМ и Красный Крест. Акмола сыграла важную роль в формировании казахстанских воинских частей. Здесь были укомплектованы 310, 387, 29 стрелковые и 106 кавалерийская дивизии. Из 9783 акмолинцев, ушедших на фронт за все годы войны, не вернулось 7414. Тридцать восемь воинов-акмолинцев были удостоены звания Героя Советского Союза, семеро награждены Орденами Славы трех степеней.

Перестройка промышленности на военный лад, передислокация крупных производств, огромный поток эвакуированных - всё это сказалось на развитии экономического потенциала города. Число промышленных предприятий возросло в два с половиной раза. Появились так называемые заводы союзного значения - знаменитый «Казахсельмаш» и № 317. В 1944 г. на 16-ти предприятиях трудилось 2800 человек. Такой индустриальный рывок сделал Акмолинский железнодорожный узел важнейшим звеном Карагандинской железной дороги. Значительно возросла его пропускная способность за счет строительства новых приёмно-отправочных путей и переоснащения паровозного парка.

Северный город стал вторым домом для депортированных народов, присланных сюда на спецпоселение. Акмолинский горком партии и исполнительный комитет Совета депутатов трудящихся решал вопросы трудового и хозяйственно-бытового устройства спецпереселенцев, регламентировал призыв в армию, распределял скот и выдавал пособия переселенцам с Северного Кавказа, открывал для них образовательные и культурные учреждения. А ведь были ещё и эвакуированные: только за первый год в Акмолинскую область прибыло около 30 тысяч человек, которых, несмотря на условия военного времени, необходимо было обеспечивать жильём и медицинской помощью. Открылись новые больничные

учреждения, в том числе - поликлиника для инвалидов Великой Отечественной войны. На территории города были размещены два эвакогоспиталя - № 1600, № 3006.

Отечественная война уже по определению предполагает высокий патриотический настрой всего общества. «Всё для фронта! Всё для победы!». Это был не просто пропагандистский лозунг, это был единый порыв всего общества. В годы войны акмолинцы все силы направляли на помощь фронту. Собирали средства в фонд обороны страны: на строительство танковой колонны и авиаэскадрильи было собрано 3 млн. 719 тыс. рублей, денежной лотереи реализовано на 5 млн. 666 тыс. рублей, на фронт шли посылки с продуктами и тёплыми вещами. Ещё одной, не менее важной задачей тыла была помощь инвалидам войны и семьям военнослужащих. Пока, наконец, майские номера газет 1945-го года не принесли весть о долгожданной победе.

### **Сверяя часы...**

Город 130 лет именовался Акмолинском. Это не самый древний город, не самый большой, да и туристической Меккой его пока не назовёшь, но с каким ещё городом происходили такие изменения? У какого ещё города столько имён и лиц? Какой ещё город ворвался в 21 век на такой огромной скорости? Старожилы уже имеют возможность сравнивать — Акмолинск, Целиноград, Астана. Проиллюстрировать можно цифрами: 1890 год - 5 640 человек, бюджет города - 16 000 рублей; 1912 год - 14 765 человек, бюджет города - 56 242 рубля; 1939 год - 32 000 человек, 1960 год - бюджет города составлял 37 миллионов 227 тысяч рублей. В конце 19-го века в Акмолинске был всего лишь стационар на 25 коек, в 1964 году в Целинограде работало 350 врачей. В маленьком городке водопровод и паровое отопление стали поздними гостями. Вода была остродефицитной: на каждого приходилось 12 % общепринятой суточной нормы. У вокзала рядами стояли низенькие бараки, радуя зимой местную ребятню: прямо с крыши можно было спускаться на санках. Сегодня на этом месте район магазина «Даулет».

Крепостная, Спортивная, проспект Победы...По этой, тогда центральной, улице проходила железнодорожная ветка, идущая от центра города к вокзалу - практически единственный транспорт в городе, главная его артерия. Автобусов было мало, о такси и говорить нечего...Таксопарк насчитывал всего 2-3 машины. В сохранившемся и по сей день здании, где сегодня располагается Министерство сельского хозяйства, располагалось Управление железной дороги - начальная станция ветки - Привокзальная. По часам над её козырьком горожане сверяли время. Когда «ветку» убрали за ненадобностью, улица стала просторной, красивой и...чужой. «Прогресс неотвратим» - радовались горожане. Но сегодня старожилы с ностальгией вспоминают родную шумную «железку».

### **Казахстанский каравай**

Освоением целинных и залежных земель называют историки следующий этап в жизни северного провинциального городка. Поднятая по всему Союзу молодёжь с энтузиазмом принялась воплощать в жизнь грандиозный замысел Никиты Сергеевича Хрущева. Второго марта 1954 года прибыл первый эшелон с добровольцами из Алма-Аты, а 5 марта - с московскими целинниками. Судя по историческим данным, только в период с 1953 по 1958 год в Акмолинскую область прибыло около 270 тысяч человек. Многие здесь же и остались. Акмолинская область в эти годы становится одной из главных житниц страны, крупным центром сельскохозяйственного машиностроения. За 1953-56 года в области было поднято 3,5 млн. га целинных земель. Освоение целины оказалось решающим фактором для развития города. 26 декабря 1960 года вышел Указ об образовании Целинного края. А с 1961 года он именовался уже Целиноградом.

Резко возросло число жителей некогда крохотного городка. Это обстоятельство потребовало срочно перепланировать городские кварталы, а в большинстве случаев попросту построить их. Первой повезло улице Мира, бывшему Северному выгону: именно с неё начинался план преобразования Акмолинска в Целиноград. Раньше в распутицу здесь можно было утонуть даже в кирзовых сапогах. Но совсем

скоро типовые пятиэтажки стали нормой. Ленинградские строители привезли свой проект - дома без балконов. И сегодня они носят название «ленинградских». Город строили московские, ленинградские и местные строители. Вообще, в этот период профессия строителя стала второй по популярности в этом городе железнодорожников. Целиноград, совсем как сегодня, стал напоминать одну большую строительную площадку, постепенно перебираясь из самана в крупнопанельные дома и теряя некое милое очарование тихой дальней провинции. К началу 1961 года городской жилой фонд составлял 600 тысяч квадратных метров на 115 тысяч человек. За полгода приезжие строители сдали в эксплуатацию 650 благоустроенных квартир, 4 пятиэтажных школьных здания, начали подготовку к строительству семиэтажного здания Дома Советов. К концу 1962-го года ленинградцы возвели еще 8 многоквартирных домов и 2 пятиэтажных школы. За этот год жилой фонд вырос еще на 115 000 квадратных метров.

Но жилья всё-таки не хватало. Почти полгода шла подготовка к строительству нового микрорайона. Но, тем не менее, первого июня 63-го года закладка первого дома нового города прошла, как водится, в торжественной обстановке. Колонна московских строителей прошла со знаменами и транспарантами через весь город. Микрорайон «А», теперь Целинный, довольно быстро поднялся.

Перед будущим Домом Советов прямо на улице была поставлена специальная «витрина», которая служила экраном. Здесь иногда вечерами крутили старые фильмы. Танцевать молодёжь имела возможность только по воскресеньям. Но уж тогда все готовились с утра: подбирались незатейливые наряды и делались замысловатые причёски. Оркестр, живая музыка – долгожданное действо продолжалось строго до одиннадцати вечера, до закрытия парка.

Слух об очередной идее Никиты Хрущева – образовании в Казахстане Целинного края со столицей в Целинограде - стал громом среди ясного неба. Во исполнение Постановления Совета Министров СССР был разработан генеральный план развития города, а также план реконструкции старой и развития новой застройки в Юго-Восточном направлении. Шестого ноября 1963 года начал действовать телецентр. Тогда

же был открыт Дворец Целинников, построенный по проекту латвийских архитекторов П.Ю.Фогелса, О.Н.Крауклиса, Д.К.Даннеберг. Он был рассчитан на 2 355 мест. По масштабам и системе оборудования на тот момент считался вторым в СССР после Кремлёвского Дворца съездов.

Кроме того, был, наконец, построен мост, связавший город с парковой зоной, пляжем и детской железной дорогой - главным развлечением целиноградских детей. Раньше, чтобы попасть в парк, нужно было пройти по довольно шаткому сооружению - деревянному мосту через Ишим, «гениальному» творению местной инженерной мысли. Ежегодно те из подгнивших досок, что не были снесены паводком, разбирали, оставляя на зиму лишь сваи. А весной мост настилали вновь. Бывали и неприятные случаи: однажды вечером в День строителя поручни моста сдались под напором подгулявших горожан, и немало народу оказалось в довольно прохладной воде. На берег люди добирались, кто вплавь, кто по выступам свай.

У второго целиноградского моста, транспортного, через Ишим (того самого, со львами и пересекающимися стелами) своя забавная история. Он, как ни странно, был долгостроем. Причём, знаменитым: известные юмористы Тарапунька и Штепсель на весь Союз высмеивали его в лучших традициях советской сатиры.

Недалеко от будущего моста, там, где сейчас возвышается микрорайон «Самал», рос Зелёный город целиноградских студентов. Вырос он на агрессивной, как сейчас принято называть, почве. Молодёжь высаживала деревья и ухаживала за ними. А неподалёку от Зелёного города стоял трактор – символ целинного края. Это была почти граница города. Дальше Солёная балка (ручей Ак-Булак) и степь. Речка теперь протекает почти по центру, а степь уступила место микрорайонам. У ворот в старый город вместо «Кировца» поднялся Президентский центр культуры. А старая машина вернулась к земле, к пашне. Трактор восстановили в хозяйстве Ивана Сауэра – в производственном кооперативе «Родина».

\* \* \*

*Бұл мақалада Астана қаласының орналасуы, халқы пайда болу тарихы туралы айтылған. Ондағы шаруашылығы және өркендеуі сөз етілген.*

**С. Смагулова,**  
Ш.Ш.Уәлиханов атындағы Тарих және этнология  
институтының докторанты,  
Т.ғ.к., доцент

## **РЕСПУБЛИКАДАҒЫ ТЕАТР МӘСЕЛЕСІНІҢ ҰЛТТЫҚ БАСПАСӨЗДЕ КӨТЕРІЛУІ**

20-шы жылдардың басында құрылған Қазақстанның Орынбор, Ақмола, Алматы, Семей сияқты ірі қалаларында ағарту үйірмелері, жастар қоғамдары ағарту қоғамдары, ұйымдары тек сауатсыздықты жою ісімен ғана айналысып қана қойған жоқ, сонымен қатар сауық кештерін ұйымдастыру мәселесімен де қызу айналысты. Мәселен, 1920 жылы М.Әуезовтың басшылығымен Семейде құрылған «Ес аймақ» атты қоғамы (бір деректерде ұйым деп келтіріледі –С.С.) өлкеде сауық кештерін ұйымдастырып, өз өнерлерімен көпшілікті тәнті еткен. Бұл турада «Қазақ тілі» газетіне «Сауықта болған» деген бүркеніш атпен жарияланған «Қазақша сауық кеші» деген мақалада: «21 ақпанда Алаштағы халық ағарту «Ес аймақ» ұйымы Затонда қазақ жұмысшыларына қазақша сауық жасады. Тамаша жас жазушысы Мұхтар Әуезовтың «Ел ағасы» атты нағыз қазақ тұрмысынан алынған төрт бөлімді драмы кітабы қойылды», – делінді.

Сөйтіп, қазақ жастарының ең алғашқы театрлық қойылымының бірі 1921 жылдың ақпан айында Затон жұмысшыларының «Сибирский бурлак» клубында қойылған. М. Әуезовтың бұл пьесасы баспаға басылмаған, кейіннен жоғалып та кеткен /1/.

Бұдан кейін 14 наурызда «Ес аймақ» жастары Семейдің Свердлов клубында М. Әуезовтың «Бәйбіше-тоқал» пьесасы қойды. Бұл турада да «Қазақ тілі» газетінің 29 наурызындағы санында шағын хабарлама басылады. Қойылым губерниялық әйелдер тойына арналған /2/. «Еңбекшіл қазақ» газетінде қойылымның өте әсерлі болғандығы сондай, драманы жазушы

Мұхтар жолдас ойын бөлмесіне шақырылып, халыққа таныстырылғандығын жазылды /3/.

Аталмыш пьеса кейінірек Орынборға оқу үшін жүрмек болған Иса Байзақовтың пайдасына орай 1923 жылдың 8 ақпанында қазақ сауықшылар ұйымының мүшелерінің ұйымдастыруымен тағы да қойылған /4/.

Қазақ жастарының арасында осындай ойын-сауықтардың көбеюі олардың көрсетіп жатқан қойылымындағы көпшілікке таныс емес «драма», «театр», «комедия», «трагедия» деген терминдерді түсіндіруді қажет етті. Қазақ зиялыларының бірі Ж. Аймауытов «Қазақ тілі» газеті оқырмандарын жалпы театр жайымен таныстыруды жөн көрді. Драма, театр, комедия, трагедия терминдерінің мәнісін ашып, олардың әрқайсысының өзіндік маңыздылығының барлығы айтылды. Мысалы, драмада сол замандағы адамдардың өмірі, тұрмысы, барлық ақыл ауданы, пікірі, жақсы-жаман жақтары суреттелетін болса, комедияда көрерменін адамның күлкілі мінез-құлқымен тәнті ететіндігі келтірілді.

Газетте театрда кездесетін кемшіліктер де көсетілді. Бұл кемшілік жақсы жазылған пьесалардың аздығы делінді /5/.

1922 жылы Семейдегі ойын-сауық үйірмесі кіші-гірім драма труппасына айналып, онда кейіннен қазақ театрының артистеріне арналған қазақ жастары тәрбиеленіп шықты. Семейден Ә. Қашаубаев, И. Байзақов, Ж. Шанин және тағы басқа артистер қанаттанып шықты. Өз көрермендерін М.Әуезовтың «Еңілік-Кебек», С.Сейфуллиннің «Қызыл сұңқарлар», Ж.Шаниннің «Арқалық батыр» сияқты пьесаларымен тәнті еткен.

Ірі қалалардан да басқа губерния уездарінде де түрлі сауық орындары, үйірмелер және клубтар ашылды. «Жас қазақ» журналында Таң баласының «Зайсан жігіттерінің ісі» деп аталған мақаласы жарияланып, онда Зайсан қаласында 20-шы жылдан бері қазақ, татар, орыс жастарының бірлесе ұйымдастыруымен құрылған «Луначарский» деген сауық үйінің барлығы, оның мүшелерінің қазақ арасына барып түрлі сауық көрсетіп, халықты өз өнерлерімен қуантып жүргендігі, 1921 жылы сауық үйі екіге бөлініп, орыс жастарының үйірмесі «Луначарский» деген атпен қалып, ал қазақ жастары өз сауық

клубтарын «А. Байтұрсыновтың» есімімен атағандығы, дұнған жастары «Ленин» атымен атап, түрлі қойылымдар көрсете бастағандағы айтылды /6/. Зайсандағы қазақ жастарының драма үйірмесінде Ж. Шанин жетекшілік етіп, өзі жазған «Арқалық батыр» пьесасын көпшілікке көрсеткен.

Қазақ ұлт театрының құрылуын бастапқы кезде жергілікті халық түсінбеді. Оны ойын-сауық түрінде қабылдап келген халыққа театрдың не екендігін түсіндіру аса қажет еді. С.Сәдуақасов «Еңбекші қазақ» газетіне жариялаған мақаласында театрдың қазақтың ойын-сауығына, шілдеханасына ұқсамайтын орын екендігін, мәдениет пен өнердің бір ошағы екендігін жеткізбекке тырысты. Ол осы театр сахнасында қойылатын қойылымның пьеса деп аталатындығын, қазақтан пьеса жазуға М.Әуезов, Ж.Аймауытов, С.Сейфуллин, Ж.Шанин, Қ.Кемеңгерұлы сияқты төселіп қалған драматургтардың барлығын айта келе, аталмыш авторлардың кейбіреулерінің туындыларына тоқталады. Мәселен, Қ.Кемеңгеровтың «Алтын сақа» пьесасын тәуірлердің қатарына жатқыза отырып, кемшілігін де атайды. Ол көріністерінің тым қысқалығы. «Кей бөлімдерінде көрер-көрместен шымылдық жабылып кетеді деуге болады. Пьесаның көрінуі кемінде бір сағатқа созылу керек» десе, ал «Еңілік-Кебекті» тарихи жағынан сөзсіз ірі пьеса екендігін айта отырып, оның кемшіліне тым ұзақтығын жатқызады.

Театрдағы жақсы артистерден Әміре Қашаубаевты атай отырып, ол туралы орыс журналдары мен газеттерінде көп жазылатындығы, Әміренің нағыз аристігі оның жыламсыраған дауысынан, қыржиған бетінен, жұмылған көздерінен көруге болатындығын, жалпы мақалада халықты нақышты дауысымен, өнерімен тәнті етіп жүрген Иса Байзақовты, Серке Қожамқұлов, Жұмат Шанин сияқты артистердің барлығы айтылады /7/.

С. Сәдуақасов Потаниннің «Қазақ халқы өзінің әнімен адамшылық мәдениетіне үлкен олжа кіргізеді» деген сөзінің бүгінде жүзеге асып, А. В. Затаевичтің «Мың әні» қазақ әндерін елге паш еткендігін, қазақтың «Қарагөзін», «Қараторғайын», «Қарақасын» бүкіл Европа, Америка халықтары білетіндігін, Нью-Йорк, Париж қазақ әндерінің естіліп жататынын үлкен жетістікке санайды.

Ол Потаниннің «Елу жылда қазақта нағыз театр туады» деген сөзін көрегендікке жатқызады. Ол ұлттық театрды жасау үшін Серке, Жұмат сияқты нағыз артистерді жинап, театрға ғимарат беру керектігін көтереді. Сонымен қатар ол ұлт театрының репертуарын жөнге келтіру қажеттігін де баса көрсетеді. «Біздің театрымыз да алғашқы кезде өзге болу керек. Біз үнемі драма көрсетуге алғашқы уақытта шамамыз келмейді. Ұлт театры бір күнде драма қойса, екінші күні екі ақынның айтысқанын қояр. Өтірік емес, шын ақынды айтыстыруға болады. Талабы бар ақындар бұрын асқа жиналса, енді театрға жиналуы керек. Біз сықылды айтыстар болардың алдында көпке газет арқылы жарияланып отыруы тиіс. Ұлт театры кейде цирк ойындарын көрсетуі мүмкін. Қазақстан шыққан бишілер (балет) –ыңғайлы жігіттер. Қояндыдағы қоян болып ойнаған жігіт сықылдылар өнерлерін көрсетер. Орысшалап айтқанда алғашқы қазақ театры универсал болу керек. Барлық әдеби, мәдени өнердің бәрін бір жерге жию керек», -дейді /8/.

С. Сәдуақасов театрдың алға басып кетуіне бірінші кезекте қаражаттың керектігін баса көрсетеді. Ол үшін театрды құрғатпайтын көрермендерін жинау қажеттігін, көрермендері көп болу үшін жақсы пьесаларды қою керектігін атайды. Сонымен қатар орысқа еліктеудің қажеті жоқтығын да келтіреді. Оның себебін былайша түсіндіреді: «Орыстың театры жасағалы жүз жылдан асты. Олардың тәжірибесімен біздікі бір емес. Театрымыз ашылмай жатып «орысшаласақ» біз көпке бармаймыз. Алғашқы кезде біз қазақшаламай іс өнбейді».

С. Сәдуақасов қазақ театрының сол кездегі кейбір ойыншыларына жеке-жеке тоқталып, олардың арасында талантты жастардың барлығына қуанады. Жас жігіттердің 80-дегі кемпірді сомдауының өзі бір өнер екендігін, бұл жағынан олар жақсы емтихан ұстағанын айта келе, енді олардың алдында тұрған алдағы зор мақсаттің бірі ролін тереңдете білу екендігін, яғни ойнап тұрған образына шындап кіру қажет десе, ал екіншісі артистің сыршылдығының болғанын дұрыс көреді. Бұл жерде автор «Алтын сақа» пьесасындағы кемпір образының дұрыс сомдалмағандығын, артистің көрерменге кемпірдің жан-дүниесін жеткізе алмағандығын келтіре отырып, осындай кемшіліктерді жоятындығына сенім білдіреді. Енді

ғана аяғын тәй-тәй басып, іргесі қалаған қазақ театрынан күтер үміттің зор екендігін жеткізеді.

Қазақстан халық ағарту комиссариаты жақсы жазылған пьесаға мың сом, одан кейінгіге 500 сом көлемінде бәйге тігіп отырғандығын айта келе, талапты жазушыларды осы бәйгеге қатысуға шақырады /9/.

С. Сәдуақасовтың бұл мақаласына қазақ зиялылары үн қосты. Атап айтқанда С. Сейфуллин «Қызыл Қазақстан» журналына жарияланған «Ұлт театры» туралы» атты мақаласында Смағұлдың көтерген мәселелерінің кейбіреулерін құптап, кейбіреулеріне қосылмайтындығын білдірген. Ол Смағұлдың «Театр жұртты тәрбиелейтін мәдениеттің бір мектебі. Аристер сол мектептің оқушылары» деген пікірін толығымен құптай отырып, қазақ театрының кемшілікті, жетістікті жақтарынына тоқталады. Ол театрды алға көтеру үшін қаражаттың керектігін, жақсы кәсіпқой артистерді тәрбиелеу аса маңызды екендігін айтқан /10/.

1926 жылдың 13 қаңтарында салтанатты жағдайда Қызылордада тұңғыш қазақ театры ашылды. «Еңбекші қазақ» газетінің 1926 жылғы қаңтардағы санында М.Әуезовтың «Жалпы театр өнері мен қазақ театры» атты мақаласы жарияланды. Бұл мақала 13 қаңтарда ашылған қазақ театрының байланысты туындаған пікір-таластарға байланысты жазылған еді. Аталмыш мақаласында Мұхтар Әуезов әлемдік театр өнерінің негізін зерттей келе, олардың театрынан азырақ мәлімет береді. Ол театр өнерінің ежелгі гректерден басталғандығын, олардың театр өнерінің ұрығы елдің әдет-салтынан, ойын-сауығынан, ән-күйінен, өлең-жырларынан бастау алатындығын, ақындар айтысы, «жар-жар», «беташар» және тағы басқа ел ішіндегі өнерлер театрдың негізі екендігін көрсетті. Бұл өнер түрлерін театрда пайдалану керектігіне меңзейді.

Қазақ бұрын театр дегенді білмей-ақ түрлі қойылымдар қойып, өз көрермендерін думанға бөлегендігін, опера дегенді білмесе де оның бәрі әнмен орындалатындығын, олардың салған әндері шарықты, жанды болып шығатындығын келтіреді. Мәселен, Семей аймағында қуекеш күлдіргі қулар,

тапқырлардың халықты комедиялық жанрмен тәнті екендігін айқындайды.

М.Әуезов өз мақаласында бұл ашылып отырған театр өнерін одан әрі жандандырып алып кету үшін ұйымдастыру жауапкершілігін күшейтуді ескертеді. Ол өнер театры барлық халықта болып, сол елдің топырағында өркендеуі керек деген тұжырым айтады. Сонымен қатар ол театрды ойналатын пьесалардың көреремніне ұнауы біріншіден, жазушының шеберлігінен, екіншіден сол шебер туындыны ойнаған актерге байланыстылығын екендігін айтады. Театрдың алға жылуы өзінің жеке үйінің болуы мен сахна декорациясының сәйкестене де байланысты екендігін де жасырмайды. Жалпы, автор театр өнерінің өркендеуі, өсуі халықтың өз қолында екендігін білдірген /11/.

Қазақ театры ұзақ уақытқа гастрольге шығып, уездерді аралап, өздерінің жаңа қойылымдарымен көрермендерін таныстырды. Театрдың сахнасында халықтың сол кездегі көкейтесті мәселелерін қозғайтын пьесалар қойылды. С.Сәдуақасов театрдың құрылуының бір жылдығына орай «Еңбекші қазақ» газетіне жариялаған мақаласында театрдың халық аузына ілігіп, бір мәдени орынға айналғандығын, ауылдан келіп, өз өнерлерімен көрермендерін тәнті еткен Қалибек, Елубай, Серке, Әміре сықылды ойыншылардың түбінде үлкен сахна артистері боларлығын көрегендігімен айта білді. Ол қазақ театрын орыс театрымен салыстыруға болмайтындығын, орыс театры жүз жылдан бері жасап келе жатқандығын, қазақ артистерінің орыс артистерінен еш кемшілігі жоқтығын баса жазады.

Бұл мақаласында да С. Сәдуақасов театрдың алға басуына театр кітабын жазу керектігін тағы да басты мәселеге жатқызады. Қазақтың М. Әуезов, Аймауытов, Сефуллиндердің ауызға аларлықтай пьесаларының барлығын, мәселен, Аймауытовтың «Шерниязы», «Мансапқоры» орыстың шебер тілімен жазылған пьесаларымен таластыруға болатындығын, Жұмат Шаниннің «Арқалық батыр» пьесасы Чеховтың жазғандарынан кем еместігін айта келе, былтырғы ағарту комиссариатының бәйге жариялауына орай қазақ тілінде жазылған 42 пьесаның келіп түскендігін және олардың

авторларының көпшілігі қазақ жастарының болуы өте қуанарлық іс дейді.

Мақалада тағы да қаражат мәселесі көтерілді. Театрдың, жалпы қазақ өнерінің өрлеуіне бірінші кезекте қаражаттың қажеттігі, театрдың алғашқы жылында оған 40 мыңдай ақша жұмсалғандығын, бұл қаражат аса аздық еткендігін, сондықтан театрды жөндеу үшін бұл санды 4-5 есе көбейту керектігін, ал жасқы театр үйін салу үшін 2-3 мыңдай ақша қажеттігін келтіреді. Ол үшін үкімет қаражатынан басқа ел жәрдем тигізсе, жәрдем тигізгені 5-10 тиыннан аямай театрға келсе деген өтінішін білдіреді /12/.

1928 жылдан бастап театр аристері Қазақстанның өзге губернияларына гастрльдық сапарға шыға бастады. Осы жылы театр Алматы қаласына көшіріліп, өз қатарын жаңа талантты аристермен, қазақ қыз-келіншектермен толықтырды. 1928 жылы 19 қаңтарда ұлт театрында Тілепбергенұлының «Сүйіскендер» деген төрт перделі пьесасы қойылып, оның кейіпкерлерін Қалибек Қуанышбайұлы, Құрманбек Жандарбекұлы, Жәнбике Шана келіні, Оразке Қашаубай келіні, Серке Қожамқұлұлы сомдаған /13/. «Еңбекші қазақтың» осы мақала жарық көрген санында қаламы жүйрік жазушыларға қазақша пьеса жазуда бәйге жарияланды. Егер 3-4 перделі болса бірінші, екінші бәйге берілетіндігі, бірінші бәйгеге 300 сом ақшалай сыйлық, ал екінші орынға 200 сом берілетіндігі айтылды. Сонымен қатар көлемі 2-3 баспа табақ болатын қазақша көркем әңгімеге де бәйге жарияланып, бірінші бәйгеге 200 сом, екіншісіне 50 сом, ал әскери өлеңге бірінші орынға 100 сом, екіншіге 50 сом берілетіні хабарланды /14/.

Театрдың 2 жылдық тойына орай «Еңбекші қақта» Жұмат Шаниннің «Қазақстан мемлекет театры» атты көлемді мақаласы жарияланды. Онда 2 жыл толып отырған қазақ театры еңбекші, жұмысшы, шаруалардікі екендігі, алғашқы құрылған кезде оның іргетасын нығайтуға театр өнерінен хабары жоқ жігіттер белсене кірісіп, «іс қолымыздан келе ме» деген қауіппен халық арасына түрлі тақырыптарда қойылымдар алып шығып, олардың көңілдерінен шыға білгендіктері айтылды. «Қызметтің ауырлығын көрген соң шыдай алмай талай талаптылар кетті. Театрға кіріп шыққан талапшылардың саны

елулеп болады. Сол талаптылардың ішінен талайы көне қайысты мойындарына салып, соқаға жегілген өгіздей сүйреп келе жатқан аздап жігіттеріміз бар. Оларды оқушыларымызға таныстырып кетуді борыш санадым. Олар: Қалибек Қуанышбайұлы, Серке Қожамқұлұлы, Құрманбек Жандарбекұлы, Елеубай Өмірзақұлы, Әбдуақай Абдоллаұлы, Өміре Қашаубайұлы, Иса Байзақұлы, Жүсіпбек Оспанұлы, Латиф Әшкейұлы, Зура Жандарбекқызы, Бұлардың соңынан келіп қосылып, театр жұмысына еңбек сіңіріп жүргендер: Жәнбике Шана келіні, Қадидша Қожамқұл келіні, Оразке Қашаубай келіні, Шәрбан Байзақ келіні. Биылғы қыс маусымының басына келіп қосылды Балабекұлы Бісімілда», – делінді мақалада. Осы екі жылдың ішінде қазақ театры оңтүстікпен, күншығыс Қазақстанды аралап, түрлі тақырыптарда қойылым көрсеткендігін, сонымен қатар Ташкен сияқты көршілес республиканың ірі қаласына барып, көрсеткен өнерлерімен халықты тәнті етіп қайтқандығын, тіпті дүлдүл әнші Өміренің шілдеде Германияға барып, ән-күй көрмесінде дүкіл дүние жүзін аузына қаратқандығын айта келе, театр жанынан актерлер даярлайтын оқу орынын ашылғандығын, онда ән-күй жолындағы театр, әнді нотаға түсіру, ән салу сияқты сабақтардың өткізілетіндігі, ән сабағынан Д.И. Кобалов деген музыканттың, ал пианинода ойнауда Дессина деген оқытушының дәріс беретіндігін келтіріле отырып, биылғы жылы талантты деген жастарды қабылдайтынғын, ол үшін қаражат мәселесі шешілсе деген ойын айта отырып, көпшілікті театрға сүйеу, демеу болуға шақырады /15/.

Қазақ театрының құрылуы, оның жетістіктері жайында «Жаршы» журналы материалдар жариялап отырған. Журналға жарияланған Қанабек Байсейітұлының «Қазақ театры» деген мақаласында қазақ театрының қалай құралығандығы, оның алғашқы актерлары кімдер болды, репертуарында қандай қойылымдар көрсетілді, жалпы театрға жұртшылықтың көзқарасы қандай болғандығы жөнінде нақтылай мәлімет берді. Оның жазуынша, ең алғашқы театр құрылған жылы үлкен қиыншылықтарды бастан кешірген. Атап айтқанда, бұрыннан қалған театр мұрасының, әртістердің, ғимараттың, мамандардың, арнайы қойылымдардың жоқтығы болды.

Қанабек Байсейітұлы алғашқы театр ашылған кезде қазақ оқушыларының арасынан театрға икемі барларды жинап, 15-16 адамның басын құрап, қырға шығып қойылымдар көрсеткендігін, бұл іріктеліп алғандардың арасынан нағыз театрға берілген артистердің тәрбиеленіп шыққандығы, олардың театрдың суығына тонып, ыстығына күйгендігін келтірген. Ол театрдың ең басты кемшілігіне сахна кітабының болмауын жатқызды. «...театр кітабын жазушы аз болды. Бірлі-жарымдап жазғандар алаштың ақ туының астына жиналған ұлтшылдар болды. Олар театрдың сахнасының сағасына кіріп алып, көпшілікті театр арқылы үгіттемек болды.

...Қошкенің «Күмәнсіз күйгендері», Мұхтардың «Қаракөз», «Еңблік-Кебегі», Міржақыптың «Бақытсыз Жамалы», міне, осы сияқты талай ұлтшылдардың тап тілегіне қарсы кітаптары театрымызда көп қойылып келді», – дей отырып, оның себебін, театр барлығынан істеген ісі емес, жоқтықтан және бастапқы кезде мазмұн кемшілігін ескере алмағындықтан деп түсіндірді. Театрдың қазірде 70 шамалы кітабының барлығын, оның үстіне пьеса жазушылардың қатарын көбеіп келе жатқандығын ірі жетістікке жатқызды.

Қанабек Бәйсейітұлы театрдың ірі табыстарының қатарына ән-күй жайын жатқызды. Ол бастапқы кезде театрда халық аузында бар әндерді ғана шырқалса, ал соңғы уақыттарда қазіргі дәуірдегі ірі жетістіктерді, жаңа құрылысты насихтатайтын әй-күйлердің орындалып жүргендігін, сондай-ақ ән-күйдің көркемдік жағының да ілгерілегендігін, қазірде 4 дауысқа салып айтылатын 60 шамалы хорға арналған әндердің барлығын, ал жеке әншілердің саханада айтатын әндерінің өзі 200-дене асатындығын және сол әндердің арасында түрлі қақпақ, мысқыл, күлдіргі тақырыбындағы әндердің барлығын үлкен сезіммен жазады.

Ол театрда деген жұртышылықтың көзқарасының бұрынғыдан қарағанда оңға бұрылғандығын айта келе, театр құрылғаннан бергі жылдардағы көрерменді есеппен шағып көрсетеді. Оның есебінше, халықтың қолдауының нәтижесінде 1-ші жылда 20 сауық кеші өткізіліп, оған барлығы 1729 көрермен келген, яғни орта есеппен бөлгенде бір кешке 87 адамнан болса, ал 2-ші жылы 28 сауық кеші өткізіліп, оның

6092 көрермені болып, әр кешті 218 адам көрсе, 3-ші жылғы 31 сауық кешін 7200 адам тамашалаған, яғни орта есеппен 232 көрермені болған. 4-ші жылы өткізілген 60 сауық кешінің 14000 көрермені болып, әр ойынды 234 адам көрген. Ал 5-ші жылы театр 100 шамалы сауық кешін жоспарлап отырғандығын және оның 20 000-дай көрермені болмады деп шамалап отырғандығын келтіреді. Қанабек Бәйсейітұлы театр көрермендерін тапқа бөліп те көрсетті. «Бұл жаздағы сауыққа келгендердің ұзын саны 43045, мұның 26075-і жұмысшылар, 7000-ы колхоз мүшелері, 7740-ы кооператив мүшелері, қалғандары жай шаруалары», –деп жазды /16/.

Бұл мақалада автор театрда қойылуға дайындалып жатқан 20-дай драмалы пьесаларды атап көрсетеді. Олар ішінде Жұмат Шаниннің «Шахты», Сәкен Сейфуллиннің «Қызыл сұңқарлар», Тайыр Жароковтың «Қанды таяқ», Қанабек Бәйсейітовтың «Мәңгілік ұйқы», Жүсіпбек Аймауытовтың «Шернияз» бен «Қанапия-Шәрбану» сияқты пьесалары болды. Ол осы театрда ойнайтын артистерді екі топқа бөліп көрсетті. Оның біріншісі, яғни ең негізгі артистері: Қалибек, Елубай, Құрманбек, Қажыкен, Қанабек, Серке, Тәңірберген, Әміре, Жанбике, Шәрбан, Фатих, Зарып, Манарбек, Мәлике. Ал екінші тобына жаңадан келіп, өнер ісіне үйреніп жатқан жастарды жатқызды. Олар: Қасен, Қали, Мәриям, Күләш, Рақила, Сұлтанғазы, Еркінбекұлы, Әбілмәжін, Әкіш. Бұл жастарды жәрдемші, ән-күйге ікемі бар ретінде көрсетеді.

Қанабек Бәйсейітұлы театрдың саяси басшылығын Қазақстан партия комитеті өзі алып, театр басқармасына белгілі адамдарын жіберіп, оның қойылымын жіті қадағалап отырғандығын да келтірді /17/.

Қазақ театрының құрылғаннан бергі жетістіктері жөнінде «Әдебиет майданы» журналына жарияланған Н. Изжоевтың «Қазақ театры» деп аталатын мақаласында жан-жақты айтылды. «Қазақ театрының ең үлкен қасиеті ол жас театр, жаңа ғана қалыптасып, жаңа ғана құрылған театр, ол ескішіл традициядан аман театр, алдағы жолы даңғыл, айқын болып отырған театр», - деп жаза келе, Мәскеудегі Қазақстан өнерінің он күндігіне қазақ театры өз репертуарынан музыкалы «Қыз Жібек» пен «Жалбыр» драмаларын алып баруын үлкен

жетістікке санап, осы екі драма турасындағы ойымен бөліседі /18/.

«Денсаулық жолы» журналына жарияланған мақалада ұзақ өнері, мәдениетін көтеру, оны өркендету үшін нендей іс жасау керектігі, 5 жылдық мәдени жоспарларымызды орындасқан социализмды гүлденуіне, алға жылжуына жол ашылатындығы айтылды /19/.

Алайда 30-шы жылдары мәдениет саласындағы қазақ зиялыларының қуғындалуы олардың шығармаларын баспасөз бетінде сынауға жол ашып берді. Өнер саласындағы көпшілік туындылар сынға алынып, олардың Кеңестік Қазақстан тұрмысына сай келмейтіндігі баса айтылды. Тіпті өз қойылымдарымен жұртышылық арасына таныла бастаған авторлар қудаланып түсіп, оларға өз қателіктерін баспасөз арқылы мойындауға мәжбүр етілді. Мәселен, М. Әуезов көрсетілген қысымнан «Социалды Қазақстан» газеті арқылы қателіктерін мойындауына мәжбүрленген. Ол өзінің әдеби шығармалары мен туындыларында ұлтшылдық сарынның басымдылығын айтып, бұл қателіктерін түзейтіндігіне уәде берген /20/.

М. Әуезовтың «Хан Кене» пьесасы ескілікті дәріптеген туынды ретінде сынға алынды. Ілияс Қабылов «Әдебиет майданы» журналында бұл турада былай деп жазды: «.. құрама жазушымыз жолдас Әуезұлының «Хан Кене» деген соңғы шығармасын алып қараңыз. Бұл шығармада ханның тұқымы мен ерлігін дәріптеу бар. «Хан Кене» пьесасы негізінде хандық құрылысты дәріптеуші пьеса болып шықты.

Әуезұлының бұл пьесасы неліктен былай болып шықты? Неге десеңіз, бұл пьеса 1928 жылы Әуезұлының алашордашыл кезінде жазылып еді. 1934 жылы Мұхтар кеңес жазушысы «Хан Кене» қозғалысын кеңестің түсінгенінше жазудың орнына, Алашорданың түсінуінше жазылған ескі пьесаны жаман-жасқап берді» /21/.

М. Әуезовтың «Тартыс» пьесасы да сынға ұшырады. «Әдебиет майданы» журналына М. Қаратайұлының «Мұхтардың «Тартысы» және кейбір мәселелер» деген мақаласы жарияланып, автор мақаласының басында бұл пьесаның неліктен «Тартыс» деп аталатындығына талдау

жасайды. Пьесаның саяси шығарма екендігін, өйткені оның құрылымы оқу орындарының бірі қазақ институтында болған оқиға желісіне арналғандығын айта келе, бұл пьесаны Ілиястың «Түркісімен» қатар қойып салыстырады.

Ол «Тартыстың» сыны өте қатаң болатындығын ескерте отырып, пьесаның мазмұны мен түрін жіте талдайды. Пьесада ұлтшылдар мен коммунистер арасындағы тартыстың ақиқаты ашылғандығын, бірақ ұлтшылдарда кеңес жастарын мысқылдау, кекту сияқты тұстарының көптеп кездесетіндігін келтіреді /22/.

«Лениншілі жас» газетінде Қасыбек Тұрғынбайұлының «Арқалықты» сахнадан алу керек» деген көлемді мақаласы жарияланып, онда пьесаның өткен өмірді аңсайтындығын, кеңес өнеріне жат дүние екендігі айтылды /23/.

1937 жылы «Социалистік Қазақстан» газетінде «Түнгі сарын» - орыс сахнасында» деген арнаулы бет ұйымдастырылып, онда М. Әуезовтың айтулы пьесасының орыс сахнасында қойылуына орай «Тарихи іс, тамаша табыс» деген редакциялық мақаласы мен КСРО Халық артисі Күләш Бәйсейітованың «тамаша постановка», орыс драма театрының Бас режиссері Ю.Л.Рутковскийдің «Спектакльдің дайындалуы», Жұмағали Сәрсекөвтың «Ірі еңбек, үлкен үлкен іс», жантас ролін ойнаған артист Михайловтың «Жантас образын тереңдете түсем», Қоқым ролін ойнаушы Подзалкинаның «Жүзтайлақты қалай түсіндім», Қазақ КСР-нің орденді артисі Елубай Өмірзақовтың «Шебер ойыншылар» деген мақалалары жарияланып, интернационалдық достық нақтылы іспен көрсеткен театрдың шығармашылық ұжымына деген ықластың тамаша көрінісі болғандығы келтірілді /24/.

Қазақ театры жылдан-жылға өрлеп, нағыз өнер саласына айналды. Табиғи талантты жастар арнайы театр оқуын оқымай-ақ, өз өнерлерімен халық арасына таныла білді. Қазақ театрының ірге тасының берік болуына бар күш-жігерлерін салды. Қазақ өнерінің өрлеуіне, мәдени саладағы өзгерістерді, жаңалықтарды, жетістіктерді өнер сүйгіш қауымға түсіндіруде қазақ тіліндегі мерзімді басылымдар бірден-бір құрал болды десек артық айтпаймыз.

### Әдебиеттер:

- 1 Сауықта болған. Қазақша сауық кеші // Қазақ тілі. 1921. 26 ақпан.
- 2 Қазақ тілі. 1921. 29 март.
- 3 Еңбекшіл қазақ. 1921. 29 наурыз.
- 4 Қазақ тілі. 1923. №11.
- 5 Аймауытұлы Ж. Театр кітабы туралы // Қазақ тілі. 1922. 22 қаңтар.
- 6 Таң баласы. Зайсандағы жігіттердің ісі // Жас қазақ. 1924. №12-13. 35-б.
- 7 Сәдуақасұлы С. Ұлт театры туралы // Еңбекші қазақ. 1925. 26 октябрь.
- 8 Сәдуақасұлы С. Ұлт театры туралы // Еңбекші қазақ. 1925. 28 октябрь.
- 9 Сәдуақасұлы С. Ұлт театры туралы // Еңбекші қазақ. 1926. 29 ғинуар.
- 10 Сейфуллин С. «Ұлт театры» туралы // Қызыл Қазақстан. 1926. №11-14. 144-б.
- 11 Әуезов М. Шығармаларының елу томдық толық жинағы. 3- т. –Алматы: Ғылым, 1998. –392 б. 16-42-бб.
- 12 Сәдуақасұлы С. Ұлт театрына бір жыл //Еңбекші қазақ. 1927. 13 ғинуар.
- 13 Сүйіскендер // Еңбекші қазақ. 1928. №22. 27 ғинуар.
- 14 Еңбекші қазақ. 1928. №10 (1037). 12 ғинуар.
- 15 Шанин Ж. Қазақстан мемлекет театры // Еңбекші қазақ. 1928. №10 (1037). 12 ғинуар.
- 16 Қанабек Байсейітұлы Қазақ театры // Жаршы. 1930. 1931. №1. 24, 27-бб.
- 17 Қанабек Байсейітұлы Қазақ театры // Жаршы. 1930. 1931. №1. 24, 27-бб.
- 18 Изжоев Н. Қазақ театры // Әдебиет майданы. 1936. №5. 88, 90-бб.
- 19 Денсаулық жолы. 1929. №2. 3-б.
- 20 Социалды Қазақстан. 1932. 10 июнь.
- 21 Қабылұлы І. Маркс-Ленин әдеби сынының сабақты мәселелері // Әдебиет майданы. 1934. №6. 3,7-бб.
- 22 Қаратайұлы М. Мұхтардың «Тартысы» және кейбір мәселелері // Әдебиет майданы. 1934. №6. 63-75-бб.
- 23 Тұрғынбайұлы Қ. «Аркалықты» сахнадан алу керек» // Лениншіл жас. 1935. №72. 11 май.
- 24 Социалистік Қазақстан. 1937. 6 наурыз; М.О. Әуезовтің өмірі мен шығармашылық шежіресі. Алматы: Ғылым, 1997. 768 б. 162-б.

**Ә.Қ. Мұқтар,**  
т.ғ.д., М.Өтемісов атындағы БҚМУ  
ҒЗЖ және ҚБ проректоры  
**Қ. Сүндетұлы,**  
т.ғ.к., Х.Досмухамедов атындағы  
Атырау мемлекеттік университеті

## **САБЫР ШӘРІПОВ – ЖАЗУШЫ, ЖУРНАЛИСТ**

Қазақстанның батыс өлкесіндегі мерзімді баспасөздің мұнай өнеркәсібіне қосқан үлесіне қатысты материалдар қарап жүрген кезімде Атырау облыстық мемлекеттік мұрағатынан Сабыр Шәріповтың өміріне арналған № 4572 жеке ісі қолыма тап болды. Тұнып тұрған тарих дерсің!

Осы Сабыр Шәріповтың мұнай саласындағы еңбегіне қоса оның баспагерлік немесе журналистік-жазушылық жағына осы мақаламда аз ғана тоқтала кетсем бе деймін. Дүние жүзі әдебиетінің тарихында бір ұлттың адамы екінші бір ұлттың жазушысы болып кеткен мысалдар көп. Бұл әрине қоғамдық-тарихи жағдайларға тікелей байланысты. Сабыр Шәріпов – қазақ әдебиетінің басқа туысқан халықтар әдебиетімен байланысының жарқын бейнесі. Ұлты татар бола тұра, жасынан қазақ арасында өскен ол қазақ тілін еркін меңгеріп, осы халықтың жазушысы болып қалыптасты. Әдебиет тарихында мұндай фактілердің барлығын және аз еместігін ескерсек, бұл – тосын құбылыс емес.

С.Шәріповтың 1940 жылдың 5 мамырында өз қолымен толтырған кадрларды есепке алу жеке бетшесінде және қысқаша өмірбаянында мынадай жолдар бар: - «Мен Татар республикасының Краснобор ауданына қарасты Варзей деген селода тудым. Әкем бурлак (жазда батрак) болып жалданып, мен 13 жасқа қараған шағымда (мен 1882 жылы туғанмын) әкем 1895 жылы, одан бұрын анам 1892 жылы қайтыс болған еді. Жақын туысқандарым болмады, сондықтан өмір сүруге ешқандай мүмкіншілік болмағасын қоғам мені екі қарындасыммен (бірі 11-де, келесісі 9 жаста) село үйлерін

кезекпен жағалауды, яғни, шеттен бастап сайын әр үйге қонып күнкөріс еттік, сөйтіп 40-50 күннен соң қайта жағалап жетімдік 15 жасқа толғанша осылайша өтті. Менің өмірім осылайша басталды» [1].

Осы өмірбаянды толтырғанда 58 жаста екенін, өз өмірбаянын 189 жерге толтырып тапсырғанын жазады. Осы жеке істе сақталған екінші өмірбаянында сол қарындастарының бірінің жасы 7-де, екіншісі 10 жаста болғанын жазады. «Өзіме аяушылық білдіріп, тамақтандырған адамға жаз бойы ақысыз-пұлсыз жұмыс істедім. Қыстыгүні медреседе (жатаханасы бар татар мектебі) оқыдым. Бай татар балаларының тамағын пісіріп беріп, қалған- құтқандарын жеп күнелттім» [1, 25 п.].

1898 жылы тамызда Нижний Новгородқа келіп орыс байларына жалданып жұмыс жасайды. Кейін Нижний Новгородқа Павлодардан сауда жөнімен барған ірі тері сатушы Фаттах Рамазановқа жалданып осы қалаға келеді. Осы күннен бастап Сабырдың есею жылдары басталып, қиындақыстау кезеңдерді бастан кешеді. Жетімдіктің зардабын көп тартса да, бір алла жар болып, көкірегі таза, көңілі ояу азаматтар оны талай рет ажал ауызынан аман алып қалып отырады. Міне осы жылдары революциялық қозғалысқа араласады.

Кадрды есепке алу жөніндегі жеке бетшесіндегі «Революциялық қозғалысқа қатысуы және Қазан төңкерісіне дейін сол үшін қуғындалған ба?» деген 24 бапқа былай деп жауап берген: «1905 жылы Выборгтік басылымдарды таратқаным үшін полиция бақылауында болдым» деп жауап берген» [1, 6 п.]. Оқу бітіргеннен соң көп жерлерді аралап ақыры соңында қайтадан Қазақстанға оралып, Ақмола губерниялық атқару комитетінің төрағасы болып сайланады. Бұл туралы академик Т.Кәкішев «Сәкен Сейфуллин» атты (ғұмырнамалық хикая) кітабында тоқатала кетеді: «Советтердің губерниялық съезімен қатар Сәкенге РКП губерниялық комитетінің кезектен тыс конференциясын өткізу жүктелген болатын. Губернияның хал-жайын жыға түсінетін Сабыр Шарипов Ақмола губерниялық атқару комитетінің председателі боп тағайындалды.

Сәкеннің аялдауға мұршасы жоқ, телефонмен де, телеграммамен де Орынбор шақыртып жатыр. Вокзал басына шығарып салған Сабыр мен Захар Катченко өздерінің көкейінде жүрген соны ойларын жыр қып шертті. Бірақ ол ойларын қалай орындау және неден бастау керектігін өздері білмейтіндігін жасырмады.

- Тәжірибені, меніңше, Ақмола губерниясынан бастау керек. Өйткені мұнда үйренетін де, үлгі алатында және көмек беретін де мүмкіндік бар,-деп Сәкен өз ойының тереңде жатқан бір пікірін сабақтамақ болды [2]. Бұдан кейін С.Шәріпов Бүкіл ресейлік Орталық Атқару Комитетінің Түркістан ісі жөніндегі комиссиясының тапсыруы бойынша, Атбасар уезінде жаңа өкіметті құруға белсене кіріседі. С.Шәріповтың бұл саладағы басын талай рет өлімге тігіп адал қызмет жасағанын қазақтың ұлы жазушысы Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» атты шығармасында қызықты етіп баяндалады [3].

Азамат соғысы мен шетел интервенциясы кезінде Ембі ауданы соғысып жатқан Ресей өкіметі үшін бірден - бір сұйық отын көзі болатын. Сондықтан Орал-Ембі аудандарына мұнайшы мамандарын көптеп жіберді. Орал-Ембі мұнай кәсіпшіліктері республиканың 15 екпінді өнеркәсіп ауданының қатарына енгізіледі де, оларға неғұрлым даярлығы мол, ұлт аудандарындағы жұмысты жақсы ұйымдастыра білетін маман кадрлар келе бастады. Осы мақсатта, 1922 жылдың қыркүйегінде мұнайлы өндіріске және Гурьев қаласына РКП(б) Орал губерниялық комитетінің 2 мүшесі бастаған 30 партия мүшесі келген. Олардың арасында Т.Өтеулиев, С.Жақыпов, А.Ипмағамбетов, Ғ.Сарбаев, А.Мәметов(Мәншүктің әкесі-Қ.С), С.Шәріпов және т.б. көптеген қабілетті, жұмыста ысылған жігерлі жолдастар бар болатын. 1924 жылы 24 маусымда КЦИК-тің төрағасы С.Меңдешевтің Орынборда орналасқан Киробкомге жазған №22 хатында батыс өлкедегі шаруашылықты басқаруға ірі сауатты, жауапты қызметкерлер жіберілгенін айта келіп, олардың арасында С.Шәріповке ұнамды мінездеме берген [4].

С.Шәріпов осыдан кейін республиканың шаруашылығын өркендетуге, әсіресе, Доссор, Ембі мұнай бірлестіктерінде осы өнеркәсіпті дамытуға зор үлес қосады. Батыс Қазақстан

облыстық мемлекеттік мұрағатында сақталған, Орал губерниялық, Гурьев уездік 1924 жылғы 17 наурыздағы бюросында мынадай мәселе қаралады: «Тыңдалды: §1. Уездік атқару комитеті (УИК) «Жергілікті газеттің баспасы туралы».

Қаулы етеді: §1. Уездік атқару комитетінің қаулысымен келісуге.

Тыңдалды: §2. «Эмбанепті» кәсіпорыны басқармасы орынбасарлығына Шәріповтың кандидатурасын ұсыну.

Қаулы етеді: §2. С.Шәріпов трест орынбасары болып беркілсін.

Уезком хатшысы: (Т.Өтеулиев)» [5].

«1924 жылдың басында Киробком мені Ембі кәсіпшілігіне жіберуге тағайындап, сонан соң Мәскеудегі ВСНХ-нің учраспредиіне барып оның 1924 жылғы 31/III № 206 бұйрығымен Ембі кәсіпшілігінің бастығы болдым. 1924 жылы шілдеде ауданның бұйрығымен басқарма бастығының орынбасары болып беркіліп, кейін 1928 жылы Мәскеудегі басқармаға ауыстырылды» [1, 29 п.].

Сөйтіп, ол Мәскеуге аттанады. Мәскеудегі оның қызметі туралы Ембі мұнай кәсіпшілігі басқармасының бастығы Р.И.Новосильцев 1962 жылы 8 қарашада 5 парақтан тұратын естелік жазады. Сол естелікке қысқаша тоқтала кеткен орынды деп санаймын: «Біз 1924 жылы көктемде Гурьев қаласындағы басқармаға қарасты Доссор кәсіпшілігінде таныстық. Мен ол кезде осы басқарманың техникалық директоры ретінде Доссорда жиі болатынымын, бірақ онымен жете танысуым басқармадағы қайта құруларға сәйкес мен басқарма бастығы, ал ол менің орынбасарым болып тағайындалған Мәскеуде жалғасты. Ол кезде бірлестік қайта құрылып, бұрғылау мен мұнай айдайтын Ракуша станциясы, Гурьевтегі орталық база, теңіз флоты, автомобиль, түйе және ат тасымалдау бөлімі, көкөніс өсіретін ұсақ шаруашылықтар бір жерге топтастырылды.

...Кәсіпшілікте ұлты орыс өкілдерінің басым көпшілігіне қолайлы жағдайлар туғызылды, ал жергілікті тұрғындар ауылдарда, жертөлелерде, антисанитарлық жағдайда өмір сүрді. Мұнайшы мамандығын жетік игерген жұмысшылар мен қызметшілер арасында қазақтар аз болды. С.Ш.Шәріпов

қазақтардың арасында мәдениет жұмысын көтеруге атсалысты, партия және комсомол ұйымдарына оларды көбірек тартты. Мына бір сәт есімде ерекше қалыпты. 1926 жылы Доссорда мұнай фонтанында болған күшті өрт сөндіруді өзі басқарып, жергілікті тұрғындардың басын қоса білді. 1927 жылы ма әлде 1928 жылы ма, дәл күнін айта алмаймын, С.Ш.Шәріпов барлық жанұясымен Мәскеуге көшіп келді, ол сол кезде Ембінефті басқармасында жұмыс жасаған еді, кейін Темірдегі мұнай кәсіпшілігіне, Иранға кетті де, біз көпке дейін көріспедік.

...1938 жылы С.Ш.Шәріпов әйелімен және келінімен біздің жанұямызда қонақта болғанда мен қатты қуандым. Кездесуіміз шын жүректен және өзара жылылық жағдайында өтті, бірақ олар сол күні үйге қонбай кетті. Бұдан кейін біз кездеспедік, әрі бұл соңғы кездесуіміз екен. 1941 жылы С.Ш.Шәріповтің тұтқындалғанын естіп, мен оның ешқандай қылмысы жоқ екеніне сендім, кейін революциялық еңбегі мен әдеби қызметі ескеріліп ақталғанына қатты қуандым.

С.Ш.Шәріповпен бірге мұнай өнеркәсібіндегі жұмыстас болғанда адамдарға деген сүйіспеншілігі мәңгі менің есімде сақталып қалды» [6].

Біз бұдан сталиндік зұлматтың оның да басына бұлт иіргенін көреміз.

Жұмыстан бас көтере аламай жүргеніне қарамастан 1930 қазақ арасында мұнайдың маңызы мен оның қоғамдағы рөліне арнап «Мұнай» (екі тілде) деген ғылыми-көпшілікке арналған кітап жазып жариялайды. «Мұнай» - Сабыр Шәріповтың Орал-Жем аймағында мұнай кәсіпшілігінде басшы болып жүрген кезеңде жазылған еңбегі. Оның дүниеге қалай келгендігі турасында автор кітаптың «Сөз алдында» деген кіріспесінде былайша баяндайды: «1924 жылдан бері қарай «Қызыл Қазақстан» журналына мақалалар жазып, қазақ жазушыларын бұл туралы кітап жазыңдар, не болмаса басқа тілден тәржімә қылып шығарыңдар деп шақырдым. Біреуі де жауап бермеді. Оларға да кінә жоқ. Өйткені өздері мұнай кәсібіне араласып, оның тілін білмеген соң жазу да, басқа тілден аудару да қиын нәрсе. Мұнай кәсібінде қызмет істеп жүрген қазақ азаматтары іштерінде сайрап тұрған, мұнай өндіру өнерін жазып кітап қылып шығаруға әлі жете алған жоқ. Жастары жаңада ғана орта

оқудан асып, жоғары дәрежедегі оқуға қолдары жаңа жетіп келеді» [7]. Бұл кітаптағы «Мұнай»(жермай), «Мұнай қай заманда шықты», «Мұнайдың жаралуы», «Мұнай өндіру кәсібі қай заманда басталды», «Орал-Жем аймағы», «Орал-Жем аймағының келешегі» тараулары мұнайшы мамандығын таңдаған оқушы қауымға таптырмайтын құнды оқулық болып табылады. Сондай-ақ, кітаптың 1928 жылы жазылып бітіп, баспаға 1929 жылы берілгенімен әлі күнге не себептен басылмағанына төмендегідей қынжылыс танытады: «Мен бұл кітапты 1925 жылдың жазынан бастап, 1928 жылдың 15 қаңтарына дейін жаздым. Өзімнің мұнай маманы емес екендігімді біле тұрсам да, тек қана кітапта өзімнің Ембіде болған 5 жыл еңбегімнің тәжірибесін жинақтадым. Баспаға (Қазақ баспаға) 1929 жылдың 15 қаңтарында тапсырсам да, бұл кітап әлі күнге дейін шықпай отыр» [8].

Сабыр Шәріповтың жазушылық қызметі «Алтыбасар» атты алғашқы еңбегінен басталады. Ол оны 1923-1924 жылдары «Қызыл Қазақстан» журналында бастырып, кейін 1926 жылы «Еңбекші қазақ» баспаханасында жеке кітап болып шығады. Деректерге қарағанда, 1918-1919 жылдары жазылған шығарманың журналдық нұсқасын автор біраз жөндеген. Алайда ол қолжазба баспадан жоғалып кетіп, кейін 1926 жылы басылған нұсқасын С.Сейфуллин жоғарыдағы журналдан алып бастырады. Кітаптың кіріспе мақаласын жазған ол: «Бұл күнге шейін қазақтың шаруашылығын, тіршілігін суреттеген кітап жоқ еді, бұл ретте «Алтыбасар» - бірінші кітап,- деп жазды кейін.

Бұдан кейін Сабыр «Сүлік», «Қала шығу», «Ерден батыр» сияқты әңгімелер мен «Заң зәбірі» атты повесть жазған. Олардың барлығы «Жаңа әдебиет» журналының 1929 жылғы 1, 6, 7, 9, 10 сандарында жарияланады. Бұл шығармалардың тақырыбы - ескі қазақ ауылындағы әлеуметтік теңсіздік пен үстем тап адамдарының ешкімге тәуелсіз тіршілік үшін күресі, зорлықшыл тапты қорғаған ескінің әділетсіз заңын аяусыз айыптайды.

Қазақ әдебиетінің тарихында шетел өмірін көріп, зерттеп нақты деректер негізінде көркем шығарма жазған қаламгерде Сабыр ағамыз еді. Оның «Рузи Иран» («Иран күні»),

«Ләйлі» шығармаларында басқа халықтардың ауыр тұрмысын, кейіпкерлердің қиын жолдан өтудегі ішкі сезімдерін көркемдеп жеткізеді. 1937 жылы 25 сәуірде Қазақстан жазушылар одағының пленумында жасаған баяндамасында Сәбит Мұқанов былай деді: «Сабыр Шәріпов романдарының оқиғасын қызық құратын жазушы. Оның шығармаларын адам еліге оқиды. Оқиғасы бай болады» [9]. Қазақстандағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліске арнап «Өлкейек жағасында», «Тайшым Орыс ұлы» және «Бекболат» атты шығармаларында қазақ шаруаларының төңкеріске дейінгі өмірлері мен олардың одан кейінгі өсу жолдары реалистік тұрғыдан суреттеледі.

С.Шәріпов шығармаларының барлығы дерлік ауыл өміріне арналып, қазақтың әдет-ғұрпы, салт-санасы шынайы көрініс тапқан. Жазушы творчествосының оқиғасы кең, сюжет желісі нық, мазмұны мығым келетінін қай әңгімесін алып оқысаң да көзің жетеді. Бұл туралы Т.Кәкішев былайша баяндайды: «Сабыр әдебиетпен үнемі шұғылданып, оның жолына бірыңғай сарылып түскен адам емес, өйткені оның мәдениет, шаруашылық саласындағы қызметтен бір күн қолы босап көрген жоқ. Тап осы жағдайдың өзі оған әңгімелерін, сондай-ақ повестерін әбден ойланып - толғана жүріп, жазбасқа ылажы қалмаған кезде, творчестволық қажеттіліктің сыртқа шығар кезі туған уақытта жазылғандығын аңғартады. Сондықтан да болар, Сабырдың жазғандары көбіне жинақы, қою, эстетикалық нысанасы биік болып шығады [10].

С.Шәріпов 1936-1937 жылдары Алматы қаласында марксизм-ленинизм институтында аға ғылыми қызметкер болып жасайды. Міне сол кезде жазған «Социалистік мемлекеттің дамуының екі фазасы және мемлекеттің құруы туралы» (Насихатшылардың қысқартылған лекциясы) атты мақаласы Гурьев облыстық «Социалистік құрылыс» газетінде 1939 жылы 17 тамызда №188(1778) санында жарияланады [11].

1937-1940 жылдар аралығында С.Шәріпов Құлсары кәсіпшілігінде «Эмбанефті», «Жангелді» барлау басқармасының бастығы, Доссор бұрғылау конторының директоры, Гурьев қаласындағы «Эмбанефті» басқармасының директоры болып қызмет атқарады. Осы мұнай мәселесіне арналып өткізілген Гурьев облыстық ҚК(б) бюро мәжілісінде геология-барлау

мекемесінің бастығы С.Шәріповтың сөйлеген сөзі жергілікті «Социалистік құрылыс» газетінің 1940 жылғы 17 шілде №163(2051) санында жарияланып, жұмыстағы кемшіліктер кесірінен мұнай өндіру мен бұрғылауда жұмысты дұрыс ұйымдастыра алмағанның кесірінен бірінші жартыжылдық жоспары орындалмай қалғанын атап көрсетеді. «Скважиндерді технологиялық режимдер бүгінге дейін қолданылмай отыр. Ембінефтідегі басты кемшіліктердің бірі: жаңа мұнай өндірісі қорларының жасақталмауы, ескі мұнай промсылдарын жаңа мұнай орындарымен толықтырылмауы болып саналады. Жаңа мұнай алаңын тауып, пайдалану ісі Ескене промсылында мәз емес» деп атап көрсеткен [12].

Жазушы және мұнайшы С.Шәріпов үлкен жанұя басшысы бола білді. Қазақстан Республикасының мемлекеттік мұрағатында сақталған деректерде, балаларының білім жолына түскеніне қуанып жазған 1938 жылы 24 наурызда хатынан көруге болады: «Қымбатты біздің Рафик! Автожол институтына түскен қадамыңды қуанышпен құптаймыз, түсу керек. ...Міне екі жылдан бері Жазушылар одағы менімен қатынастарын үзген еді, ешқандай менің жазғандарымды баспады. Енді келіп менің жұмысымды сұрай бастады. Міне, көрдің бе ісім оңға баса бастады, мүмкін жазушылық жұмысым көбейсе осы күзге таман Мәскеуге барып қалармын...» [6, 1-іс, 1-2-п.п.]. Міне оның Мәскеуге бұл сапары туралы Р.И.Новосильцев жоғарыдағы естелігінде айтып өтті.

Сабыр Шәріповтың «Еңбекші қазақ» пен «Советская степь», «Бостандық туы» мен «Мир труда», тағы басқа көптеген газеттерде, «Қызыл Қазақстан», «Красная Киргизия», «Ауыл коммунисті», «Жаңа әдебиет», «Әдебиет майданы» журналдарындағы саяси - экономикалық тақырыптарға жазған көп мақалалары мен еңбектерін зерттеу талай тарихшылардың парызы болмақ.

#### **Әдебиеттер:**

- 1 Атырау облыстық мемлекеттік мұрағаты (АОММ). 1-к., 2 -т., 4572- іс, 7-п.
- 2 Кәкішев Т.Сәкен Сейфуллин. Алматы:Жалын, 1976. - 221 б.
- 3 Сейфуллин С. Тар жол, тайғақ кешу. Тарихи-мемуралық роман. Алматы: Жазушы, 1977. 379-380 бб.

- 4 Қазақстан Республикасының Орталық мемлекеттік мұрағаты(ҚРОММ) 5-қ., 5-т., 88а-іс, 41-п.
- 5 Батыс Қазақстан облыстық мемлекеттік мұрағаты 1- қ., 1-т., 1245 - іс, 96-п.
- 6 ҚРОММ 2063- қ., 1-т., 4- іс, 1-5-п.п.
- 7 Шәріпов С. II том шығ.жин. Алматы: Жазушы, 1982. - 475 б.
- 8 Советская степь. – 1930. – 19 мамыр.
- 9 Мұқанов С. Таң. шығ. жин. 16 томдық. –Алматы:Жазушы, 1969.Т.14.-179 б.
- 10 Шарилов С. Шығ. II томдық. I том. Қазақ мемлекеттік көркем әдебиет баспасы. Алматы, 1959. - 12 б.
- 11 Социалистік құрылыс. –1939. – 17 тамыз.
- 12 Социалистік құрылыс. – 1940. – 17 шілде.

\* \* \*

*Данная статья содержит детальное описание трудов известного деятеля С.Шарипова в сфере журналистики. Приведены цитаты из выступлений известных писателей, оценивавших труды С.Шарипова.*

\* \* \*

*This article contains detailed description of works of the famous public figure S.Sharipov in the field of journalism and press.*

*It also contains quotations from speeches of famous Kazakh writers concerning S.Sharipov's works.*

УДК 94(47).083:297(574/575)«18/19»

**Тасмагамбетов А.С.,**  
стар. науч. сотр. каф. истории РК  
ЗКГУ им. М. Утемисова

## **ЦАРСКАЯ ВЛАСТЬ И ИСЛАМ В ТУРКЕСТАНЕ во второй половине XIX – начале XX вв.**

Мусульмане Туркестанского края в организационном плане не были подчинены Оренбургскому мусульманскому духовному собранию (ОМДС) в силу того, как официально объяснялось, что названный край был присоединен к России позже учреждения этой организации, и не было, якобы, закона о подчинении мусульман этого региона данному Собранию. Действительно, в «Положении об управлении областями

Туркестанского края» 1867 года не было установлено никаких норм по вопросу об управлении и регулировании духовных дел мусульман Туркестана. А южные районы Казахстана во второй половине XIX – начале XX веков входили, как известно, в состав данного края.

Действительно, как общее, так и местное законодательство не касались вопросов, связанных с организацией религиозной жизни местного населения. Заняв Туркестанский край и устроив политико-административное управление в нем, в принципе, на общих с другими окраинами империи началах, российское правительство практически не коснулось вопроса о регламентации духовной жизни мусульман занятого края. Им в этом отношении была предоставлена свобода (являвшаяся все-таки относительной) и возможность руководствоваться в этих вопросах своими обычаями, вместе с тем следя за тем, чтобы при этом не проявлялось «антиправительственных тенденций» [1, л.8].

Такое же положение распространялось и на южные области Казахстана, вошедшие после 1867 года в состав Туркестанского генерал-губернаторства. Лишь с октября 1893 года, когда Семиреченская область была включена на некоторое время в состав Степного генерал-губернаторства, на нее в это время было распространено «Положение об управлении в степных областях» от 25 марта 1891 года и были заметны некоторые изменения в вопросах ее регламентации и управления [1, л.9]. Через 12 лет Семиреченская область была вновь передана в состав Туркестанского генерал-губернаторства.

Но, тем не менее, вопрос об учреждении в крае духовного правления для мусульман и о введении официальных исламских духовных лиц, как это было сделано к этому времени в других регионах империи, поднимался неоднократно. Но руководители Туркестана, начиная с Кауфмана, относились к данным инициативам всегда отрицательно. Суть их позиций хорошо заметна в высказывании по этому поводу одного из руководителей канцелярии данного генерал-губернаторства, надворного советника Семенова. Вот что он пишет: «...Совершенно независимо от той или другой организации этого дела, можно заранее быть уверенным, что всякая

духовная организация, при всей внешней лояльности, всегда будет таить известный элемент враждебности ко всему русскому и христианскому. Поэтому, едва ли желательно создавать новый класс лиц, которые, в силу своего официального положения и опираясь на авторитет утверждающей их русской власти, приобрели бы известное влияние в среде туземного населения, так как влияние это, несомненно, будет использовано не в интересах русского Правительства и русской Государственности» [2, л.70].

Тем не менее, ОМДС пыталось иметь определенное влияние и на мусульман южных районов Казахстана. Дело в том, что по статье 1344 «Устава иностранных исповеданий» было определено следующее: «Таврическому и Оренбургскому окружным управлениям подчиняется все Магометанское приходское духовенство в Империи, а именно: Таврическому – Магометанское духовенство, находящееся в губерниях Таврической и Западных, а Оренбургскому – во всех прочих губерниях и областях, исключая Закавказья и Азиатских иноземцев из Магометан (Бухарцев и других), живущих в некоторых городах Западной Сибири без принятия подданства и потому подчиненных в делах духовных общему местному управлению гражданскому и чрез него Министерству Внутренних Дел» [3, л.10].

По прямому смыслу этой статьи, которая затем никаким законодательным порядком не отменялась, получалось, что мусульманское духовенство Туркестанского края подчинялось ОМДС. Опираясь на это, данное Собрание 22 сентября 1878 года запросило от Семиреченского областного правления, для подготовки сведений в департамент духовных дел иностранных исповеданий (ДДИИ), различные сведения о состоянии в области мечетей, школ, численности мусульманского духовенства и количестве приходов.

Военный губернатор Семиреченской области, ссылаясь на то, что со времени введения в действие проекта «Положения об управлении в Семиреченской и Сырдарьинской областях» официального мусульманского духовенства в области не существует и лица, исполняющие с ведома администрации обязанности мулл, никаких отношений с ОМДС или с Оренбургским муфтием не имеют, просил указаний

руководства Туркестанского края о том, должно ли областное правление удовлетворять запросы ОМДС [3, 10].

В связи с этим, а также «с другими случаями вмешательства Оренбургского Духовного Правления в дела Семиреченских мусульман», Туркестанский генерал-губернатор Кауфман 11 декабря 1879 года обращается к министру внутренних дел. В нем он просит его о запрещении ОМДС и Оренбургскому муфтию всяких прямых и непосредственных отношений с мусульманским духовенством и исламскими учреждениями Туркестанского края, оставив это прерогативой местной администрации [3, л.10об.].

Как показывает отзыв министра внутренних дел (№ 893 от 4 марта 1880 года), им было предложено ОМДС не входить в будущем в какие либо официальные отношения как с населением, так и с мусульманскими духовными учреждениями Туркестанского края, обращаясь, при необходимости, к военным губернаторам или уездным начальникам [3, л.10об.].

Таким образом, хотя статья 1344 устава ДДИИ и не была отменена, а отзыв министра внутренних дел даже подтвердил право ОМДС требовать необходимые ему сведения в том порядке, как это было сделано 22 сентября 1878 года, на практике оказалось, что ОМДС не имело практически никакой связи с мусульманством в Туркестанском крае. А областные правления края, никем не побуждаемые, не стали собирать сведений о мечетях, духовных школах и деятельности мусульманского духовенства.

Преемник же Кауфмана, генерал-лейтенант Черняев, приказал образовать особую комиссию под председательством Ташкентского казия Мухиддина (№ 23 от 19 января 1884 года) для выработки проекта специального духовного управления мусульманами Туркестанского края. По предложениям этой комиссии, данное управление должно было состоять из восьми членов (мусульман), определяемых по назначению. Далее предполагалось, что они выберут из своей среды председателя, которому присваивается титул садр-ул-ислам и секретаря. В каждой из коренных областей края предполагалось учредить управления по духовным делам. В компетенцию управления предусматривалось передать: все дела мусульманской религии, вопросы по вакуфам и конфессиональным школам, он же

должен был рассматривать жалобы по деятельности казиев, если таковые будут поступать от населения [4, л.12-12об.].

Пришедший на смену Черняеву генерал-майор Гродеков, рассмотрев вышеотмеченные предложения и принимая во внимание, что в Петербурге в это время была учреждена комиссия графа Игнатьева для составления проекта положения об управлении Туркестанским краем, и предполагая, что она «несомненно обнимет и вопросы о мусульманском духовном управлении», решил приостановить работу местной «магометанской» комиссии. Выработанные же ею проекты он распорядился передать в путевую канцелярию, для направления, если потребуется в комиссию графа Игнатьева [4, л.13].

В 1898 году, после Андижанского восстания, уже один из следующих Туркестанских генерал-губернаторов Духовской вновь возбуждает вопрос о духовном управлении мусульман в крае. К тому же, в это время на данную проблему начинают обращать внимание и некоторые центральные органы. Так, к примеру, департамент ДДИИ отмечал, что «обстоятельства с несомненною очевидностью свидетельствуют о необходимости не оставлять долее духовные дела местного Туркестанского магометанского населения вне надзора и влияния русского правительства, как это было до настоящего времени». Вместе с тем, данный департамент полагал, что учреждение в этом крае особых органов для управления духовными делами мусульман, наподобие существующих в других регионах империи, «едва ли целесообразным». По его мнению, «установление такового порядка, без сомнения, имело бы своим последствием укрепление и развитие магометанства в Туркестанском крае, т.е. повело бы к целям, прямо противоположным той, которая имеется в виду в настоящем случае» [5, л.85].

В самом же Туркестане по этому вопросу был сделан запрос военным губернаторам. Так, в частности, военный глава Сырдарьинской области дал отрицательный ответ, не находя пользы и необходимости в устройстве такого управления. Он считал, что ислам – религия антигосударственная, поэтому не следует его поддерживать и усиливать, а необходимо «предоставить ему возможность разъединяться и разрушаться» [6, л.64].

Военный губернатор Ферганской области предложил создать особый комитет по мусульманским делам под председательством лица христианского вероисповедания (из числа знающих восточные языки или окончивших миссионерское отделение при Казанской духовной академии) и пяти членов – «туземцев» по назначению. Ведению комитета должно было подлежать: наблюдение за «приходским» (мечетским) духовенством, казиями, мударрисами, муллами, ишанами; надзор за мусульманскими школами; регистрация мечетей и школ; надзор за ведением имамами метрических книг; выдача разрешения на хадж [6, л.64об.].

А вот начальник Перовского уезда, именно для Сырдарьинского региона, полагал более удобным применить некоторые статьи устава ДДИИ об управлении закавказским суннитским духовенством, а также Таврического и Оренбургского мусульманских духовных правлений. Это свое предложение он основывал на том, что все здешние мусульмане относятся к суннитам и по характеру, образу жизни и обычаям «более или менее» подходят к «полукочевому горному населению закавказского края. С другой стороны, он считал, что применение опыта духовных правлений «Таврического и Оренбургского мусульманства» здесь уместно, так как «татары и киргизы, по происхождению своему, одноплеменники и порядок внутренней духовной жизни тех и других должен иметь много общего» [7, л.62].

Самаркандским губернатором был представлен более подробный проект, составленный Наливкиным. По ней предлагалось: 1) открыть при канцелярии Туркестанского генерал-губернатора должность окружного инспектора мусульманских учреждений с канцелярией при нем; 2) по областям учредить областных инспекторов, также с канцеляриями при них; 3) создать окружное управление из 5 «членов-мусульман по назначению»; 4) также и областные духовные правления (каждый по 5 «членов-мусульман»); 5) иметь «приходских» имамов, выбираемых «прихожанами» и утверждаемых правлением по экзамену (один на 80-100 дворов) [6, л.64об.-65].

Глава края Духовской первоначально остановился на проекте Наливкина, но затем, согласно записке генерал-

лейтенанта Иванова от 3 сентября 1898 года, организовал под его председательством очередную особую комиссию по оговариваемому вопросу. Заключение этой комиссии сводились к тому, что в организации специального духовного правления в Туркестанском крае нет надобности, а есть необходимость только усилить административный надзор за мусульманами. В итоге был выработан проект правил и инструкции, которые были рассмотрены и уточнены в Совете при Туркестанском генерал-губернаторе [6, л.65].

Правила эти, уже преемником Духовского генерал-лейтенантом Ивановым, в 1901 году были представлены в военное министерство с просьбой «о возможно скорейшем разрешении настоящего вопроса». Через год после этого, в июне 1902 года, канцелярия края запросила военное министерство, какое последовало распоряжение по отношению генерал-губернатора от 7 сентября 1901 года (№ 9104). В ответ от министерства пришло уведомление (№ 33083 от 17 июня 1902 года), что переписка по запрашиваемым вопросам находится на рассмотрении подлежащих ведомств [2, л.72об.].

С тех пор никакого ответа или отношения из центральных государственных органов по вышеотмеченным вопросам в край не поступало. Да и Иванов, и последующие его преемники на посту Туркестанского генерал-губернатора, не считали, по-видимому, особенно необходимым настаивать на «узаконении каких-либо особых мероприятий», способных «в пределах известных рамок» подчинить религиозную жизнь местного населения «надзору и воздействию» [261, л.73]. Тем более, что вскоре вышли царский указ о веротерпимости от 17 апреля 1905 года и манифест от 17 октября 1905 года, которые существенно изменили общественную ситуацию в империи, в том числе и в религиозной сфере.

#### **Литература:**

1. Доклад Туркестанского генерал-губернатора Тевяшова начальнику главного штаба военного министерства № 7242 от 28 июля 1905 г.// ЦГА РК, Ф.44, Оп.1, Д.2495
2. Доклад канцелярии Туркестанского генерал-губернатора № 6335 от 25 апреля 1912 г.// ЦГА РК, Ф.44, Оп.1, Д.2495

3. Выписка из устава Управления Иностранных Исповеданий // ЦГА РУ, Ф.1, Оп.11, Д.1725
4. Справка по канцелярии Туркестанского генерал-губернатора от 4 августа 1898 г.// ЦГА РУ, Ф.1, Оп.11, Д.1725
5. Отношение главного штаба военного министерства Туркестанскому генерал-губернатору № 17935 от 10 апреля 1899 г.// ЦГА РУ, Ф.1, Оп.11, Д.1725
6. Справка из дела канцелярии Туркестанского генерал-губернатора № 151/33 за 1898 г. об организации управления мусульманским духовенством // ЦГА РУ, Ф.1, Оп.13, Д.618
7. Отношение начальника Перовского уезда военному губернатору Сырдарьинской области № 430 от 8 декабря 1898 г.// ЦГА РУ, Ф.17, Оп.1, Д.449

\* \* \*

*Бұл мақалада XIX ғасырдың жартысы мен XX ғасырдың басындағы Түкістан қаласындағы Ислам діні және хандық билік туралы және олардың пайда болуы дамуы туралы айтылған.*

ӘОЖ 94(574): 913 «18/19»

**Н.У. Шаяхметов,**

Т.ғ.к., доцент

Абай атындағы Қазақ ұлттық  
педагогикалық университеті

## **ҚАЗАҚ ШАРУАШЫЛЫҒЫНЫҢ ТАРИХИ ГЕОГРАФИЯЛЫҚ СИПАТТАМАСЫ (XIX ғ. II жартысы – XX ғ. басы)**

Қазақстан территориясы географиялық және табиғи-климаттық жағынан әр түрлі табиғи белдеулер мен аудандардан құралады және бұл ерекшеліктер адамдардың тұрмыс тіршілігі мен шаруашылық жүргізу тәсілдеріне алғышарт жасады. Яғни қазақтардың шаруашылықты ұйымдастыру тәсілдерінің ерекшеліктері ең алдымен, табиғи-климаттық факторларға сәйкес көшпелі мал шаруашылығының қалыптасуын негіздеді.

Бұл өз кезегінде қазақтардың көшпелі қоғамға бейімделуіне және көшпелі қоғам талап ететін әлеуметтік саяси және мәдени құқықтық құрылымдардың қалыптасуына негіз жасады. Соған сәйкес, қоршаған орта мен ғасырлар бойы қалыптасқан тарихи дәстүрлер ерекшелігі көшпелі мал шаруашылығының III мыңжылдық шегінде басты кәсіп ретінде дамуына мүмкіндік берді.

Қазақ халқының көшпелі мал шаруашылығындағы төрт түліктің құрамы табиғи ортаның ерекшеліктеріне сәйкес реттеліп отырды. Сонымен бірге, қазақтар өсірген төрт түліктің тұқымы да қоршаған ортаның талаптарына бейімделіп өсті. Мысалы, қазақ шаруашылығында құйрықты қойлар, тұрқы биік емес, бірақ төзімді әрі мықты қазақы жылқылар және екі өркешті түйелер кең тарағаны белгілі. Ал ірі қараның көшпелі мал шаруашылығында үлес салмағы өте аз болғаны олардың ұзақ көштерге төзімсіздігімен және қыста тебіндей алмайтындығымен түсіндіріледі. Мәселен, Ақмола облысының Омбы уезі бойынша жүргізілген 1892 жылғы статистикалық есепте қазақтардың төрт түлігіне мынандай сипаттамалар берілген: «Қазақтардың жылқысы ірі болмағанымен мықты әрі ұзақ шабысқа төзімді болып келеді, ал жақсы бие жаз мерзімінде 20 дан 30 шелекке дейін сауын береді... Ірі қара малдың ішінде бұқа мен сиыр да ірі болмағанымен төзімді, ал етті бұқа 14 пұтқа дейін ет және 1,5 тен 6 пұтқа дейін май беретін болған. Екі өркешті түйе жыл бойы 5 тен 20 фунтқа дейін жүн береді әрі қазақтар түйені жазда арбаға, қыста шанаға жегіп, 40 пұтқа дейінгі ауыр жүк тасмалдай алған.

Қазақтардың құйрықты қойлары 30 фунттан 2 пұтқа дейін ет және 20 дан 30 фунтқа дейін май берген; сонымен бірге, бір қырықтықта 2 ден 5 фунтқа дейін жүн және жаз бойына 10 шелек сүт алған»[1]. Дегенмен дерек көздеріне қарағанда қазақ шаруашылығында биязы жүнді қойлардың үлес салмағы өте аз болған екен.

Қазақтар үшін төрт түлік малдың өнімі тұрмыс-тіршілікке қажетті сұраныстардың барлығын дерлік қанағаттандыра бермегені белгілі. Сондықтанда қазақ халқы көшпелі мал шаруашылығын егіншілікпен ұштастырып отырғаны да аян. Көшпелі шаруашылықта қосалқы роль

атқарған егіншілік табиғи құбылыс ретінде құрғақшылық үнемі қайталанып тұратын Қазақ жерінде суармалы тәсілге негізделді.

Сол себепті қазақтардың егінжайлары қыстау маңындағы өзен көлдердің және топырағы құнарлы әрі жауын - шашын жиірек түсетін тау етектерінде орналасты. Оған дәлел бола алатын археологиялық деректер де, жазба мәліметтер де жетерлік. Ертедегі егіншілік ошақтарының ескерткіштері болып табылатын құрғап қалған арық іздері Сыр бойы мен Жетісуда ғана емес, сонымен бірге Қазақстанның далалы аймақтарында да кездеседі. Мысалы, қазақтар ерте кезден суармалы егіншілікпен Нұра, Қаракенгір, Терісаққан, Жезді өзендерінің бойында, Ұлытау мен Арғынаты тауларының етегінде айналысқаны белгілі. Ал Ертіс, Тобыл, Есіл өзендері бойында егіншілік қолдан суаруды көп талап ете бермейтін. Бұл аймақтарда егіншіліктің суармалы тәсілімен бірге танапты түрі де дамыған. Жер өңдеу өте қарапайым әдістермен жүргізілген. Сондай-ақ, тыңайтқыштар мүлде қолданылмаған.

Қазақ жерінде отырықшы өмір салты мен егіншіліктің дамуына табиғи орта ерекшеліктері де қолайлы жағдай тудыра қоймады. Егіншілікті айтпаған күннің өзінде, Қазақстанда көшпелі мал шаруашылығының өзі табиғи - климаттық жағдайға мейлінше тәуелді болған еді. Қазақ жерінің тек солтүстік бөлігінің кейбір аудандары ғана құнарлы қаратопырақты белдеулерге жататын - ды. Бұл аудандар көктем мен жаз айларында көк орай шалғынға бөленіп, мал шаруашылығын жүргізуге өте қолайлы жағдайлар туғызды. Алайда кең байтақ Қазақ даласының орталық аудандарына қарай құнарлы белдеулер құмдауыт әрі сазды, өсімдігі аздау аудандарға ауыса бастайды. Әсіресе, құнарсыз әрі шөлді аудан болып саналатын қазақ даласының оңтүстік-батысына қарай Бетпақдала басталады.

Әйтсе де отырықшылық пен егіншіліктің дамуына басты кедергі топырақтың құнарсыздығы емес, ең негізгі тежегіш фактор қазақ даласының шұғыл континентальді климаты мен су ресурстарының жеткіліксіздігі б.т. Әсіресе қазақтың кең байтақ даласы ағынды суларға өте зәру, сондықтанда табиғи - климаттық тұрғыда ылғалдылық пен суға кедей аймақ ретінде ерекшеленеді. Бұл жағдай ауаның мөлшерден тыс

құрғақтығына, атмосфералық ылғал мен жауын-шашынның аз түсуіне, жаздағы аптап ыстық пен құрғақшылыққа, ұзақ та аязды қыстың қалыптасуына алғышарт жасады. Жиі қайталанып тұратын құрғақшылық орасан зор аймақтарды қамтып, егін мен шөптің күйіп кетуіне әкеліп соқтырып отырды, ал қыста болатын «жұттардың» салдарынан қазақтардың қолындағы малының түгелі дерлік қырылып қалатын жағдайлар жиі кездесетіні тарихи деректерден мәлім. Мысалы, мұрағат құжаттарында қазақ шаруашылығының негізін ойсырата шайқалтып кеткен «қоян жұттары» туралы деректерді жиі кездестіруге болады. Ол көшпелі мал шаруашылығын ғана емес, сонымен бірге, отырықшы халықтың шаруашылығына да өте ауыр тиген. Халықты күйзелтіп кеткен мұндай аса ауыр «жұттар» 1879-80, 1891-92 және 1894-98 жылдары болған.[2]

Бұл тарихи деректерден біз Қазақстанда осы сияқты табиғи апаттар жиі әрі үздіксіз қайталанып отырғандығын көреміз. Мысалы, Торғай облысы Елек уезінің басшылығы әскери губернаторға 1892 жылы берген есебінде: «Елек уезіндегі қазақ шаруашылығына келген экономикалық апаттың күші мен ауқымын түсіну үшін өткен 1891 жыл мен есепті 1892 жылдың көктемінде аман қалған мал санына қатысты төмендегі сандық мәліметтерге көңіл аударатын болсақ, 1891 жылғы мал саны: түйе – 17.542 бас; жылқы – 144315; ірі қара – 128617; қой – 381386; ешкі – 26757; барлығы – 689617 бас, яғни уездегі 17169 шаңыраққа орта есеппен 40 бас малдан келген. Ал есепті 1892 жылы бұл көрсеткіштен: түйе – 13028 бас; жылқы – 76911; ірі қара - 96738; қой – 281960; ешкі – 17195; барлығы – 485832 бас мал, яғни әр бір шаңыраққа тек 28 бас мал ғана тиесілі болған»[3].

Қазақтың кең байтақ даласындағы шөптің өсімі атмосфералық ылғалдың жеткіліксіздігінен қалыптасатын құрғақшылықтың салдарынан, ең алдымен өзендердің арнасынан асып көктемдегі кең жайылуы мен тасуына тәуелді болды. Егер өзендердің суы кең жайылып, тасымаған жағдайда көктем мен жаздың алғашқы кезеңінде таңғы шық қалың түсіп отыруы қажет-тін. Ал таңғы шық жақсы түскен жағдайда күн бұлтты болып тұруы шарт. Сондықтанда

шаруашылықтың қалыпты дамуы әрдайым табиғаттың қолайлылығы немесе қолайсыздығына тікелей байланысты дамыды. Мысалы, 1900 жылы 14 сәуірде Торғай уезінің бастығының Торғай облыстық әскери губернаторына берген хабарламасында «Биылғы көктемде өзендердің жайылуы мүлде мардымсыз болғандығы толық анықталды. Сондықтанда алдағы жазда шөптің өсімі өте нашар болатын қаупі бар» деп атап көрсеткен.[4]

Табиғи климаттық тұрғыда едәуір қолайлы Қазақстанның таулы аудандары да құрғақшылық пен жұтқа жиі ілігіп отырған. Мәселен, Қазақстанның оңтүстігіндегі таулы аудандарда, әсіресе Жетісудың Іле алқабында қыс мезгілі қысқарақ және өте қатқыл болмағанымен, бұл аймақтарда көктем ерте шығып аптап ыстықтарға жылдам ұласып отырған. Ал бұл аптап ыстықтар топырақтың үстіңгі қабатын бірден құрғатып жібереді. Сол себепті бұл жерлерде егіншілікті суармалы әдістерді қолданбай жүргізу мүмкін емес болатын.[5] Міне, осындай қатал табиғи жағдайлар қазақ халқының көшпелі мал шаруашылығымен түбегейлі айналысуына алғышарт болған еді.

Дегенмен, XIX ғ. II жартысынан бастап дәстүрлі қазақ шаруашылығы түбегейлі өзгерістерге ұшырай бастады. Бұл өзгерістер ең алдымен Ресей патшалығының отарлық саясатының пәрменді жүргізіле бастауымен тығыз байланысты еді. Бірінші кезекте ол Қазақстан мен Түркістанда 1867-68, 1886 және 1891 жылдары жүзеге асырылған әкімшілік-аумақтық реформалардың нәтижесінде басталды. Осы реформалардың ішкі мәні бойынша отарлық саясаттың бір бағыты болған орыс шаруаларын қоныс аудару саясатына сәйкес қазақ жерлері жаппай тартып алына бастаған болатын. Өйткені, бүкіл қазақ жері Ресей империясының мемлекеттік меншігі болып жарияланған еді.[6]

Қазақ жерлерінің жаппай тартып алынуы өз кезегінде көшпелі мал шаруашылығын дағдарысқа әкеп соқтырды. Өйткені, көшпелі мал шаруашылығының қалыпты дамуы үшін, ең алдымен көлемді жайылым жерлер қажет екені белгілі жәйт. Сондықтанда аталмыш шаруашылықтың дағдарысы қазақтар

арасында егіншіліктің, шөп шабудың және отырықшы өмір салтының қалыптасуына алғышарт болған-ды.

Сонымен бірге, қазақ қоғамындағы урбанизация үдерісінің алғашқы белгілері қалыптасып, қазақтар тауар-ақша жүйесіне негізделген саудаға тартыла бастады. Осыған байланысты осы кезеңнен бастап барлық уездер мен облыс орталықтарында жаңа жәрмеңкелер ашылып, қызмет атқарды. Бірақта қазақ халқының арасында егіншілік пен шөп шабу кәсібін дамыту, отырықшылық пен сауданың дамуына пәрмен беру патша үкіметінің тарапынан Ресей империясының әкімшілік және экономикалық ықпалын күшейтуге бағытталған саяси шаралар болғанын ескерген жөн.

Нәтижесінде қазақ халқының дәстүрлі шаруашылық құрылымындағы өзгерістер қазақтардың уақыт талабына сай бейімделуіне мәжбүр етті. Әсіресе, бұл өзгерістерге сәйкес Қазақстанның солтүстік аудандарында егіншіліктің үлес салмағының арта бастауына алып келді. Николаев уезінің бастығы 1894 жылы 23 наурызда Торғай облыстық әскери губернаторына жасаған хабарламасында: «Қырғыздар (қазақтар - Н.Ш.) ауыл шаруашылығының бұл саласының тиімділігін жақсы сезініп отыр және жер өңдеуде орыс шаруаларынан ешбір кем түспейді. Қазіргі кезде кейбір дәулетті қырғыздардың (қазақтар – Н.Ш.) жүздеген десятина жерлерге егін егуі сирек емес. Егер шаруашылығын осылай саналы түрде әрі дұрыс жүргізсе үлкен пайда әкелетініне көздері жеткен мүмкіндігі бар көшпелілердің көбі шөп шабатын, дән үгуге және себуге арналған машиналар мен ағылшын жүйесіндегі жеңіл соқаларды сатып алуда» деген мәліметтер береді[7].

Қазақтарда егін шаруашылығының дамуына орыс шаруаларының елеулі ықпалы болғандығын жоққа шығаруға болмайды. Өмірдің заңдылығына сәйкес қазақтар мен орыс қоныстары арасында тәжірибе алмасу процесі үздіксіз жүріп жатқан-ды. Дей тұрғанмен, қазақ егіншілігінің басты ерекшелігі – олар егістік жерлерді бірлесіп өңдеп, ол қауымдық меншікте болды. Сол себепті жер өңдеу мен егін егуді қазақтар туысқандық байланыс бойынша бірнеше шаңырақ бірлесіп жүзеге асырды. Егін егіліп болғаннан кейін қазақтар дәстүрлі көші-қон жүйесі бойынша көктеу мен жайлауға көшетін болған.

Ал егістікті қорғауға және суаруға қауымның кейбір мүшелері немесе малы аз отбасылар қалдырылды. Егін піскенге дейін олар қайта оралып, егін орағын аяқтағаннан кейін алынған өнім қауым мүшелері арасында бөлінеді де қыстау маңындағы ұраларда сақталады. Мысалы, 1886 жылғы Семей облысы бойынша сипаттамада осы облыстағы егін шаруашылығының дамуының жай-күйі турасында мынадай деректер беріледі: «Облыста егін шаруашылығының дамуына табиғи тұрғыда қолайлы жерлер көп емес, мұндай жерлерге Өскемен уезі мен Семей уезінің кейбір бөлігі енеді. Осы жерлерде тұратын отырықшы халықта ғана егіншілік негізгі шаруашылық ретінде жүргізіледі. Көп жағдайда егін шаруашылығымен айналысатын отырықшы халықтар да, көшпелілер де қолдан суару жүйелерін құруға мәжбүр: тау өзендері мен бұлақтардан орасан зор еңбек шығындарын талап ететін суаруға арналған арықтар қазылады, бұл арықтар егістіктерге су жеткізу үшін бірнеше тармақтарға бөлінеді. Мұндай суармалы егіншілік көшпелілерде басым жүргізіледі»[8].

Бұл деректерден бұл аймақта да егін шаруашылығының дамуына тежегіш фактор болып отырған аймақтың табиғи-климаттық жағдайы болып табылатындығын көре аламыз.

Ал Семей облысы бойынша егін шаруашылығындағы көшпелі және жартылай көшпелі халықтардың үлес салмағы жөнінде төмендегі статистикалық мәліметтерден хабардар бола аламыз: [9]

| Уездер                | Егіншілікпен айналысатын шаңырақ саны | Барлық көшпелі шаруашылықтардағы % - дық көрсеткіші |
|-----------------------|---------------------------------------|-----------------------------------------------------|
| Өскемен               | 9057                                  | 61,75 %                                             |
| Зайсан<br>приставтығы | 9526                                  | 45,11%                                              |
| Семей                 | 4066                                  | 15,25 %                                             |
| Қарқаралы             | 1252                                  | 4,13 %                                              |
| Павлодар              | 388                                   | 1,76 %                                              |
| Барлығы               | 24289                                 | 21,18 %                                             |

Бұл статистикалық мәліметтер ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасырдың басында кейбір аймақтарда қазақтар арасындағы егіншіліктің шаруашылық жүйесіндегі дербес сала ретінде қалыптаса бастағандығын дәлелдейді.

Егін шаруашылығымен бірге қазақтар арасында бұл кезеңде шөп шабу кәсібі де қалыптасып дами бастаған. Қысқы мезгілге малға азық даярлау үшін шөп шабу ісінде орыс шаруалары қолданатын тәжірибе қазақтар арасында кеңінен тарала бастады. Оның басты себебі жиі қайталанып тұратын жұттар мен табиғаттың қолайсыз кезеңдері қазақтарды қатал қыс айларында малға жеткілікті болатын шөп қорын жасауға мәжбүр еткен-ді. Сонымен бірге, қазақтар арасында шөп шабу тәжірибесінің дамуына патша үкіметінің жергілікті әкімшіліктерінің бұл іске белсенді араласуы елеулі ықпал етті. Мәселен, «Жұттар, тоқтаусыз борандар мен басқа да қолайсыз атмосфералық құбылыстардың алдын алу үшін және осындай қолайсыз жағдайларда малды шөппен қамтамасыз ету үшін облыс бастығының (Торғай облысы – Н.Ш.) арнайы шешімімен қоғамдық шөп қорын жасақтайтын мекемелер құрылды...»[10].

Қоғамдық шөп қорларының патша әкімшілігі тарапынан қазақтардың малын жұтқа ұшыратпау мақсатында ғана емес, сонымен бірге мемлекетке төленетін шаңырақ салығының уақытында және толықтай төленіп отыруын қамтамасыз ету мақсатында құрылған еді. Өйткені, қазақтар қыстан күйлі шыққан малын сату арқылы ғана салық төлеуге мүмкіндік алатын еді.

Патша үкіметінің қоныс аудару саясатына байланысты орыс шаруалары үшін қоныс аудару бөліктерінің құрылуы қазақтардың құнарлы жерлерден ығысуына және жайылымдардың шектен тыс тарылуына алып келді. Ал бұл жағдай өз кезегінде қазақтардың малға қысқыға азық даярлауына, яғни шөп шабудың кең таралуына себепші болды. Алайда қазақ шаруашылықтарындағы шөп шабу тәжірибесі кең қолданыла бастағанымен, дайындалатын шөптің мөлшері табиғаттың қолайлы немесе қолайсыздығына үнемі тәуелді болатын-ды. Шабындықтардағы шөптің шығымы өзендердің көктемгі жайылуы мен тасуына және жаздың басындағы жауын-шашынның мол түсуіне тікелей байланысты болған.

Солай бола тұрса да, шөп шабу тәжірибесінің кең тарала бастауымен қазақ халқының дәстүрлі көшпелі мал шаруашылығы бірқатар өзгерістерге ұшырай бастады. Шөп шабу кәсібінің дамуы бірінші кезекте қазақтардағы төрт түлік малдың құрамының сапалық тұрғыда өзгерісіне алып келді. Ол мал шаруашылығындағы ірі қара санының өсуіне алғышарт болды. Сондай-ақ бұл қазақтардың көші-қон жолдары ұзақтығының едәуір қысқарғандығын көрсететін еді. Қазақтар арасында егіншілік пен шөп шабу кәсібінің дамуы аграрлық жер пайдалану жүйесінде жергілікті халық пен келімсектер арасындағы (қазақтар мен орыс шаруалары) қайшылықтардың одан әрі күшеюіне себепші болды.

XIX ғасырдың екінші жартысында жүргізілген әкімшілік-аумақтық реформалар мен егіншіліктің, шөп шабу тәжірибесінің және отырықшылықтың қалыптасуы мен дамуы нәтижесінде қазақтардың дәстүрлі қоғамындағы бірқатар өзгерістердің тууына алғышарт болды:

- XIX ғ. соңы мен XX ғ. басындағы Қазақстанның экономикалық жүйесінде кешенді шаруашылық бағыты қалыптасты. Көшпелі мал шаруашылығы егіншілікпен және шөп шабу кәсібімен толықты. Бұл тарихи кезеңде көшпелі мал шаруашылығы шөлді және шөлейтті аймақтар болып есептелетін орталық және оңтүстік-батыс аудандарда ғана жетекші роль атқарды.

- Бұл кезеңде егіншілік пен шөп шабу ісінің дамуы басқа да кәсіп түрлерінің (жүк тасымалдау, темір ұсталығы, ағаш шебері т.б. кәсіптер) кең таралуы мен сұранысын туғызды. Ал Қазақстанда облыстық және уездік деңгейдегі қалалар мен жәрмеңкелердің дамуы егіншіліктің тауарлық сипатқа ие болуына жағдай жасады.

- Қазақтар мен орыс шаруаларының өзара шаруашылық байланыстарының күшеюі және патша үкіметінің саяси-әкімшілік ықпалының артуына байланысты қазақтар арасындағы кең тарала бастаған егіншілік пен шөп шабу кәсібінің техникалық құралдармен қамтылуы жақсара бастады. Қазақтар арасында осы кезеңде темір соқалар, механикалық дән үккіштер, шөп шабатын машиналар, су және жел диірмендері кең тарала бастады. Сондай-ақ қазақтардың суармалы егіншілігі

мен орыс шаруаларының дәстүрлі жер өңдеу тәжірибесі бір біріне ықпал ете бастады.

- Қазақтардың дәстүрлі көшпелі мал шаруашылығының дағдарысқа ұшырауының әлеуметтік салдары да айқын көріне бастады. Оның айқын көрінісі отарлық саясаттың қысымымен жерінен айырылған, соған байланысты шаруашылығы күйзеліске ұшыраған немесе малынан айырылған, жұттың зардаптарынан оңала алмаған көшпелілер жартылай отырықшы немесе отырықшы «жатақтарға» айнала бастады. Осылайша отарлық саясаттың күшеюі, қалалардың, егіншілік пен шөп шабу ісінің дамуына орай қазақ қоғамында отырықшылыққа өту процесінің алғашқы белгілері қалыптаса бастады.

- Дәстүрлі шаруашылық, кәсіп түрлерінің өзгеруі және бірте бірте рулық құндылықтардың да өзгере бастауы қазақ халқының дүниетанымына елеулі ықпал етті. Мұндай өзгерістерді қазақ халқының әдет-ғұрыптарымен және тұрмыс-тіршілігімен жақсы таныс болған патша әкімшілігінің чиновниктері де ерекше атап көрсетеді. Мәселен, Торғай уезінің бастығы облыстық басқармаға жолдаған есебінде мынандай тұжырымдарын баяндайды: «Ерекше патриархалдықпен, рулық бастауларға деген ерекше құрметпен, қонақжайлылықпен, қайғылы жағдайларда (үй мүлкі өртеніп кеткен жағдайда, жұттан малдың көп бөлігі қырылып қалған жағдайда және с.с. қасіреттерде) руластарына міндетті түрде материалдық көмек көрсетумен ерекшеленетін құндылықтар түрлі жағдайлардың ықпалымен, өкінішке орай әлсіреп келеді»[11].

- Қазақстанда бұл тарихи кезеңде егіншілік пен шөп шабу кәсібінің дамуы, тау-кен өндірісі мен түрлі кәсіпорындардың, қалалар мен қоныс аударушылар орналасқан қоныстардың көбеюі мен дамуы нәтижесінде қазақ жерінің аграрлық келбетінің де өзгере бастағандығы айқын байқалады.

#### **Әдебиеттер:**

1. ҚР ОММ (Қазақстан Республикасы Орталық Мемлекеттік Мұрағаты) 393-кор, 1- тізбе, 18-іс, 6-парақ
2. ҚР ОММ 318-қ., 1-т., 73-іс, 5-қайырма парақ
3. ҚР ОММ 318-қ., 1-т., 1-іс, 38-38 қайырм парақтар
4. ҚР ОММ 318-қ., 1-т., 72-іс, 27 п.
5. ҚР ОММ 64-қ., 1-т., 125-іс, 2-қайырма парақ

6. Аграрная история Казахстана (конец XIX- начало XX в.): Сборник документов и материалов / Автор-составитель С.Н. Малтусынов.- Алматы: «Дайк-Пресс», 2006.- 1240 с. (С. 13-30)
7. ҚР ОММ 318-қ., 1-т., 1-іс, 132-қайырма парак
8. ҚР ОММ 64-қ., 1-т., 299-іс, 113-қайырма парак
9. Сонда 114-қайырма парак
10. ҚР ОММ 318-қ., 1-т., 73-іс, 165-қайырма парак
11. ҚР ОММ 318-қ., 1-т., 1-іс, 83 п.

\* \* \*

*Данная статья посвящена проблеме историко-географического описания и характеристике казахского традиционного хозяйства. В исторической науке в последнее время наблюдается все больший интерес к использованию интеграционных методов исследований как архивных, так и природно-географических источников. Началась более тесная интеграция методов исторической географии и собственно истории. Поскольку комплексное использование географических и архивных источников имеет особое значение в исследовании исторического прошлого.*

\* \* \*

*In given article is considered problem to realization of the approach between science in history research. At the last years all greater interest exists in history science to use integration methods of the studies as written, so and natural-geographical sources. Began more crowding integration of the methods to history geography and strictly histories. Since complex use geographical and written sources are of special importance in research history past.*

УДК 82-1: 821.161.1

**Киреева Е.Н.,**  
магистрант ЗКГУ им.М.Утемисова

## **ЭТА «СТРАННАЯ И ЗАГАДОЧНАЯ ВЕЩЬ...» (Поэма А.С.Пушкина "Анджело")**

В наследии Пушкина есть одно крупное поэтическое произведение, над которым со дня его появления в печати и до нашего времени тяготеет неумолимый рок непонимания. Сразу же после опубликования критик, подписавшийся «житель Сивцева Вражка», решительно и категорически осудил его, назвав «самым плохим произведением Пушкина». Возмущенный рецензент заявлял: «Если б не было под ним его имени, я бы не поверил, чтоб это стихотворение принадлежало к последнему двадцатипятилетию нашей словесности, и счел бы его стариною, вытащенною из отысканного вновь портфеля какого-нибудь из второстепенных образцовых писателей прошлого века. Так мало походит оно на пушкинские даже самую версификацией...»<sup>1</sup>.

Того же мнения был и Белинский. При жизни поэта он неоднократно, начиная с «Литературных мечтаний», называл это произведение «мертвой безжизненной сказкой», «плохой сказкой». В поздних статьях о Пушкине критик почти повторил мнение жителя Сивцева Вражка: произведение это «принято публикою очень сухо и поделом. В этой поэме видно какое-то усилие на простоту, отчего простота ее слога вышла как-то искусственна ... Короче: эта поэма недостойна таланта Пушкина. Больше о ней ничего сказать»<sup>2</sup>.

В 1964 году Б.С. Мейлах на XVI Всесоюзной Пушкинской конференции выступил с докладом об этом произведении под

названием: «Загадочная поэма Пушкина». Через одиннадцать лет с тем же названием статья была перепечатана в книге<sup>3</sup>. Исследователь высказывает в статье ряд интересных мыслей о поэме, которые наглядно убеждают, что никакого загадочного произведения Пушкин не писал, что «загадочность» обусловлена непониманием поэмы, нежеланием с доверием отнестись к пушкинскому тексту, без предубеждения анализировать ее.

Что же это за загадочная поэма? Как называется «неудачное», «плохое» произведение Пушкина? Речь идет о поэме «Анджело». О поэме, очень дорогой Пушкину, непонимание которой критиками огорчало его. Друг Пушкина Нащокин сохранил нам признание поэта: «Наши критики не обратили внимания на эту пьесу и думают, что это одно из слабых моих сочинений, тогда как ничего лучше я не написал»<sup>4</sup>.

Любопытно, что первый (увы! и последний) печатный отзыв о поэме был положительным. «Анджело» Пушкин писал в 1833 году и завершил осенью в Болдине почти одновременно с «Медным всадником». Поэма о Петре не была пропущена: Николай I потребовал серьезных исправлений. Поэма об Анджело, которая строилась на использовании пьесы Шекспира «Мера за меру» (цензурный характер имел подзаголовок в рукописи: «Повесть, взятая из Шекспировой трагедии «Measure for measure» - «Мера за меру»), была разрешена и напечатана в 1834 году в сборнике Смирдина «Новоселье».

